СЕЙСЕНБІ
№1 (4541)
7.01.2025
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖАС БУЫННЫҢ ҚАБІЛЕТІН ШЫҢДАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы бірқатар нысанды аралап көрді. Президент, ең алдымен, Kazakhstan International School Astana (KIS Astana) мектебіне барды.

ЕЛІМІЗДЕ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ӨЗЕКТІ

20 мың шаршы метрден астам аумақта орналасқан білім беру мекемесі 800 оқушыға және мектеп жасына дейінгі 120 балаға есептелген. Мектеп халықаралық бакалавриат (IB) аккредитациясынан өткен. Бұл беделді бағдарлама үш бағытты қамтиды. Атап айтқанда, 5-тен 10 жасқа дейінгі балаларға арналған бастауыш (Primary Years Programme, PYP), 11-ден 16 жасқа дейінгі балаларға есептелген орта (Middle Years Programme, MYP) және 16-19 жас аралығындағы ересек оқушыларға бейімдеген дипломдық оқу бағдарламасы (Diploma Programme, IB) бар.

Оқу кабинеттері әрбір оқушының алаңсыз білім алуына және қарым-қабілетін ашуына қолайлы жағдай жасайтын заманауи технологиялармен жабдықталған. Сонымен қатар мектепте футбол стадионы, теннис корты, шағын футбол алаңы және бассейн секілді спорт инфрақұрылымы қарастырылған.

Мемлекет басшысы Қазақстанда білім беру деңгейін арттырудың маңызды екенін атап өтті. Әсіресе, жас буынның бәсекеге қабілетін шыңдауда әрі жан-жақты дамытуда осындай оқу орындары ерекше рөл атқаратынына назар аударды.

СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРЫН ДАМЫТУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛЕДІ

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы заманауи QazSwim-Academy спорт орталығына барды.

Орталық директорының айтуынша, бірегей кешенде спортшыларды даярлауға қажетті барлық жағдай жасалған. Ересектер мен балалар ұзындығы әртүрлі бес бассейнде жаттыға алады. Оның бірі 50 метрлік болса, екеуі – 25 метрлік және екеуі – 10 метрлік жүзу жолақтары бар бассейндер. Топтық жаттығулар 25 бағыт бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар мұнда кәсіби жаттығу залы да бар.

Академияны жоғары технологиялық үлгіде жабдықтауға баса назар аударылған. Бассейндерге судың құрамы мен реагенттердің мөлшеріне автоматты түрде талдау жүргізетін әрі тиімді залалсыздандыру мен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін испандық қондырғы қойылған.

Бұдан бөлек, нысан жүзуге қажетті машықтарды шыңдап, бұлшықеттерді шырайлатын арнаулы жаттығу құралдарымен жабдықталған.

Президент жас спортшылармен әңгімелесіп, мемлекет спорт инфрақұрылымдарын дамытуға ерекше мән беретінін айтты.

– Келешекте табысты болуларыңызға және олимпиада чемпионы атануларыңызға тілектеспін. Спорттың денсаулықты жақсартуда, сондай-ақ халықаралық жарыстарда еліміздің даңқын шығаруда маңызы өте зор. Сіздердің жеңімпаз спортшы әрі еліміздің лайықты азаматы болатындарыңызға сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Еліміздің барша православ христиандарын Рождество мерекесімен құттықтаймын! Жүрткa жақсылық пен үміт сыйлайтын осы жарқын мейрамда діндар жандар адами құндылықтарға қызмет ету жолында өзара бірігеді.

Рождествода азаматтар ерекше қуанышқа бөленеді, православ дінін ұстанатын адамдар жақындарына қамқорлық көрсетіп, мұқтаж адамдарға жанашырлық танытуға асығады.

Православ діні елдің берекелі бірлігі мен ырысты ынтымағын нығайта түсуге, жалпыұлттық бірегейлігіміздің өзегі саналатын отаншылдық, жасампаздық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды дәріптеуге мол үлес қосып келеді. Қоғамдағы татулық пен түсіністік Қазақстанның тұрақты дамуының мызғымас тірегі болып қала беретініне кәміл сенемін.

Еліміздің православ христиандарына зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін! Рождество мерекесі құтты болсын!

ТАҒАЙЫНДАУ

Президент Жарлығымен Дархан Амангелдіұлы Сатыбалды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалып, бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Президент Жарлығымен Нұралхан Оралбайұлы Көшеров Түркістан облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСКЕ ЕКПІН БЕРІЛЕДІ

Биыл есірткі саудасына қарсы ауқымды «соғыс» жарияланған жыл ретінде тарихымызда қалуы мүмкін. Президент кез келген ұлттың тұқымын тұздай құртар ғасыр кесапатымен сұрапыл шайқастағы тарихи бетбұрысқа жол ашатын заңға қол қойды. Ол осы күреске тартылған құрылымдарға жетік тетік, жойқын арсенал ұсынады. Мысалы, «есірткі барондарының» тірегін күйрету үшін қызмет бабын теріс пайдаланған шенділер де өмір-бақи түрмеге жабылады. Қылмыстық кодексте жаңа жаза түрлері пайда болды. Өзге де жаңалықтар өмірге жолдама алды.

→ 5

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

АЛАШТЫ СҮЙГЕН АҚЫН

«Мен еш уақытта Қадекең өлең жазып отырғанда, басқа күндері де кітабын, өлеңдерін оқымайтынмын. Себебі жұмыс үстелінде отырған кезінде келе қалсам, жазып отырған дүниесін екінші парақпен жаба қалатын.

→ 6

ҚАР КӨШКІНІ ДЕ ҚАУІПТІ

Қыс айлары – алматылықтар үшін қысқы спорт түрлерімен айналысуға ең қолайлы кезең. Әсіресе, тау спортына қызығушылығы жоғары жандар үшін бұл маусым бойы асыға күтетін мезгіл екені белгілі.

→ 7

2025: ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР ЖАЛҒАССЫН!

Жаңа 2025 жылы еліміздің спортшыларын үлкен жарыстар күтіп тұр. Халықаралық, олимпиадалық турнирлерде ұлттық құрамамыздың асығы алшысынан түссе дейміз. Биылғы жылдың күнтізбесі ұлттық құрамамыз үшін халықаралық ірі жарыспен басталмақ. Қытайдың Харбин қаласында IX Азия ойындарының жалауы желбірейді. Дода ақпан айының 7-14-і аралығында өтеді.

→ 8

САЯСАТ

7 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАС БУЫННЫҢ ҚАБІЛЕТІН ШЫҢДАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

(Басы 1-бетте)

БИЫЛ АСТАНАДА 7 ЖАТАҚХАНА ИГІЛІККЕ БЕРІЛЕДІ

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері мен магистранттарына және докторанттарына арналған 2 656 орындық жаңа жатақхананы аралап көрді.

Мемлекет-жекеменшік серіктестігі негізінде салынған Студенттер үйі үш заманауи блоктан тұрады. Олардың әрқайсысы студенттердің жайлы тұрмысы мен білім алуына мүмкіндік беретін коворкинг аймақтармен, кітапханалармен, спорттық және коммерциялық орындармен жабдықталған.

Жатақхана құрылысында ерекше қажеттілігі бар студенттердің де талап-тілегі ескерілген. Оның дизайны мен инфрақұрылымы кедергісіз орта қалыптастыру талаптарына сай келеді.

Ғылым және жоғары білім министрі Президентке студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу арқылы академиялық хаб құру шаралары жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды оң бағалап, білім беру саласындағы және жастар арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды екеніне назар аударды. Сондай-ақ жұртты алаңдатқан метапневмовирус туралы пікір білдірді.

– Қазір бәрі жаңа инфекция туралы айтып жатыр. Меніңше, одан даңғаза жасаудың қажеті жоқ. Сондықтан Қытаймен ынтымақтастықты одан әрі дамытуымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жатақханада студенттермен әңгімелесіп, Ana tili газетіне берген сұхбатында айтқанындай, елімізде цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуға ерекше мән берілетінін, бұл озық технологиялар әр салаға енгізілетінін жеткізді. Президент бұл ретте жастарға айрықша үміт артатынын атап өтті.

Жалпы, былтыр ел аумағында 11 079 орындық 40 жатақхана пайдалануға берілген. Биыл Астана қаласының өзінде 3 400 орындық 7 жатақхананы іске қосу жоспарланып отыр.

Бүгінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 4 280 студентке арналған сегіз Студенттер үйі бар. Сонымен қатар сегіз жеке жатақханамен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалған. Биыл Студенттер үйлеріндегі орын саны 10 мыңға дейін ұлғаяды. Бұл студенттерді жатын орынмен қамтамасыз ету мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

Мемлекет басшысы Астана қаласының №1 индустриялық паркіндегі электровоз құрастыру зауытын аралап көрді. Кәсіпорынды Индустрияландыру картасы аясында Францияның Alstom компаниясы іске қосқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа кәсіпорынның жұмысы туралы жан-жақты мәлімет берілді. Зауытта «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының тапсырысымен 380 жүк және 70 жолаушылар электровозы шығарылған. Сондай-ақ олардың қосалқы бөлшектері өндіріледі. Бұдан бөлек, жүк электровоздарының 80 секциясы Әзербайжанға экспортталған. Қазір кәсіпорын нарыққа локомотив корпустары, трансформаторлар, төмен және жоғары вольтты шкафтар және басқа да өнім түрлерін ұсынады.

Президентке зауытта жаңа буын локомотивін құрастыру жобасы қолға алынғаны туралы баяндалды. Оның өзіндік құны бұрынғы нұсқасымен салыстырғанда 40 пайызға төмен, ал тиімділігі 20 пайызға жоғары. Жаңа жүк электровоздарының өндірісі 2028 жылдан бастап іске қосылады.

Қазір Alstom компаниясы Астана, Алматы, Шу және Арыс қалаларында сервистік орталықтар ашуға инвестиция құйып жатыр. Бұл 700 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы теміржолға қажетті құрал-жабдықтар шығаратын отандық кәсіпорындардың өнімдері көрмесін аралады. Қазір елімізде 600-ден астам компания теміржол саласына арналған бөлшектерді өндірумен айналысады. Олардың өнімдері мен қызметі 25 елге экспортталған.

Электровоз құрастыру зауытында еңбек ететін жас мамандармен жүздесуде Президент 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғанын еске салып, мемлекет өндіріс саласында жұмыс істейтін жастарға қолдау көрсете беретінін айтты.

ҚҰРЫЛЫС – ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Сонымен қатар Президент елордадағы құрылыс индустриясы нысандарымен танысты.

Asyl Qala – 100-ден астам адам еңбек ететін арнаулы кәсіпорын. Жобаға құйылған инвестиция көлемі 8 миллиард теңгені құрайды. Кәсіпорынның қуаты тәулігіне 4 500 шаршы метр тротуар жабындысын өндіруге жетеді. Құрылыстың екінші кезеңі аяқталған соң бұл көрсеткіш 9 000 шаршы метрге дейін ұлғаяды.

Бүгінде аталған кәсіпорында шығарылған өнімдер Астана және еліміздің басқа да қалаларында пайдаланылады.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы автоклавты газ блоктарын шығаратын Uniton зауытымен танысты. Sensata Group құрылыс компаниясына қарасты кәсіпорын жылына 150 мың шаршы метр газ блоктарын өндіре алады. Жоба «Даму» қоры және Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы қаржыландырылған. 110 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев құрылыс индустриясы экономиканың маңызды бағыты екенін атап өтіп, жергілікті өнім көлемін арттыру қажеттігін айтты.

Мейір ЖАСЫН

Ойтоғыс

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:

ЕЛДІК МҮДДЕ ЖОЛЫНДА ЖҰМЫЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Ana tili газетіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлемді сұхбаты жарияланды. Онда Мемлекет басшысы былтыр атқарылған жұмыстарды ой елегінен өткізіп, алдағы міндеттердің маңызына тоқталған.

Осы орайда Президентіміздің жыл басында баспасөзге сұхбат беріп, ел дамуының басым бағыттарын айқындап алу игі дәстүрге айналып келе жатқанын атап өткен жөн.

Биыл да Мемлекет басшысы теңге бағамынан бастап Қаңтар оқиғасына дейінгі қоғамда қызу талқыланған өзекті мәселелерге қатысты көптің көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді. Бұл Президентіміздің ашықтық, диалог, әділеттілік қағидатына табан тіреген саясатының жарқын көрінісі екені анық.

Жалпы, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, былтыр кешенді бастамалар жалғасын тауып, еліміз елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Инфрақұрылымды жаңғырту бағытында айтарлықтай жұмыс қолға алынды. Сондай-ақ 18 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді және 7 мың шақырым жол салынып, жөнделді. Алматы, Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа терминал іске қосылды.

Өңдеу секторының өнеркәсіптегі үлесі өндіру саласының деңгейіне жуықтады. Диқандар 27 миллион тоннаға жуық астық жинап, соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш тіркелді. Бұл Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін арттыра түскені сөзсіз.

Әлеуметтік мемлекет ретінде елімізде бұл бағытқа баса мән берілді. Осыған байланысты былтырдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында төлем беріліп келеді. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының бөлімшелері ашылды.

Соңғы жылдарда мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық аренадағы орнын нығайту бағыттары бойынша ауқымды жұмыс атқарылғаны белгілі. Осы ретте барлық экономикалық реформа, ең алдымен, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруды көздейтінін айта кеткен абзал.

Сұхбатта кешенді реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі де сөз болған. Осыған байланысты былтыр әйелдердің құқығын қорғау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйенің қызметін жүргізу, несие алып, қарызға батуға жол бермеу, есірткімен, лудоманиямен күрес және тағы басқа салаларға қатысты заңдар қабылданды.

Президентіміз осы жұмысты іске асыру жолында Парламент маңызды рөл атқарып келе жатқанын айтты. Бұл – біз үшін жоғары баға және зор жауапкершілік.

Мемлекет басшысы көктемгі су тасқыны мен Маңғыстау облысында болған ұшақ апатына да тоқталып, аталған сын-сағаттарда халқымыз ынтымақтың озық үлгісін көрсеткенін тілге тиек етті. Азаматтардың қоршаған ортаны қорғауға қатысты жауапкершілігін арттыра түскен жасампаз жоба «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының маңызы да атап өтілді.

Президентіміз алдағы экономикалық жаңа реформалардың стратегиялық бағдарын да белгілеп берді. Соған сәйкес, шикізаттық емес секторларды дамыту арқылы экономиканың өсімін қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болмақ. Сол үшін өңдеу өнеркәсібін дамытуға, заманауи технологияларды енгізуге және экономиканы әртараптандыруға баса мән беріледі.

Тұрғын үй, жаңа жайлы мектептер мен медициналық нысандар салу арқылы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жұмысы жалғаса береді. Сондай-ақ биыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында еңбек адамының беделін көтеруге және еңбекқорлық, кәсібілік сияқты құндылықтарды дәріптеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Сұхбатта халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, Қазақстанның әлемдік аренадағы орта держава ретіндегі рөлін күшейту мәселелері де айтылды. Талғардағы қылмысты оқиға, бірыңғай сағаттық белдеу, мерзімінен бұрын сайлау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

Президентіміз жас буынның белсенділігіне, олардың ел ертеңіне бейжай қарамай, барлық бастамаға үн қосып келе жатқанына назар аударып, өскелең ұрпақтың бойына дұрыс құндылықтарды сіңірудің маңызына да тоқталып өтті.

Жалпы, сұхбатта егемендігімізді нығайтуды және елімізді өркендетуді көздейтін басым бағыттар нақты белгіленді. Оларды іске асыруға әр қазақстандық атсалысып, елдік мүдде жолында бәріміз жұдырықтай жұмылуымыз керек. Сол кезде ғана заң мен тәртіп салтанат құрған, дамыған Әділетті Қазақстан қалыптастырамыз.

БАҒДАР

7 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Президентіміздің жаңа жылды елдің бүгіні мен ертеңі туралы ой-толғамдарымен бастауы тағы бір саяси дәстүрімізге айналды. Мемлекет басшысы биыл да өзінің ауқымды сұхбатында өткен жылды қорытындылап, алдағы кезеңге нақты межелерді белгілеп берді. Ең бастысы Президент сұхбатында ішкі және халықаралық күн тәртібі төңірегіндегі халықты толғандыратын ең өзекті мәселелерге нақты әрі толыққанды жауап берілді.

Ерлан ҚОШАНОВ, *Мәжіліс Төрағасы*

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТАЛАБЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЫ

Жаңа саяси жылды қоғаммен ашық әңгімеден бастау – Қасым-Жомарт Кемелұлының өзіне тән айрықша ұстанымы. Халықпен мұндай форматта тілдесу жұртшылықты жұмылдырып, елде жүріп жатқан үдерістерді түсінуге, қоғамдық пікірталасқа сеп болады. Бұл – Президенттің елдегі маңызды өзгерістердің бәрі тек халықпен бірлесе жүзеге асырылуға тиіс деген берік позициясының тағы бір айқын айғағы.

Өткенге көз жүгіртсек, біз Мемлекет басшысының Egemen Qazaqstan газетіндегі былтырғы сұхбатында айтылған, мемлекеттік аппарат пен қоғам алдына қойылған мақсат-міндеттер толық орындалғанын көреміз. Демек, сұхбатты мемлекетіміздің бір жылға межеленген нақты даму жоспары, Президенттің Әділетті Қазақстан құру жолындағы ауқымды бағытының құрамдас бөлігі деп айтуға болады.

Өткен жыл Қазақстанды өзгерістерге бастаған тағы бір елеулі кезеңге айналды. Ол іргелі істер мен айтулы оқиғаларға толы болды.

Рекордтық мөлшерде астық жиналды. Бір жылда миллиондаған шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Мыңдаған шақырым жол салынып, жөнделді. Тұрғындарымыздың шаңырағына жайлылық пен жылу қайта ұялады. Мүшкіл күйге түскен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым жаңарып-жаңғыртылды. Жылдар бойы қордаланған мәселелер ешқандай пафос пен көзбояушылықсыз, қалыпты жұмыс жағдайында шешімін тапқанын айта кеткен жөн. Ең бастысы мұның бәрі бүкіл елде азаматтардың тұрмысы едәуір түзелгенін көрсетеді.

Сонымен қатар сыртқы және ішкі сын-қатерлерге қарамастан, халқымыздың әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйі жақсарып келеді. Президентіміздің «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Жұртшылықтың әлеуметтік әділдік жөніндегі талап-тілегіне түбегейлі жауап берілді. Заңсыз шығарылған капиталды қайтару туралы Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған заңның арқасында миллиардтаған қаржы қысқа мерзімде елге қайтарылды. Ол қаражатқа бүкіл елде мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен спорт нысандары салынып жатыр. Осы күрделі іс әрі қарай да жалғасын табады.

Сонымен бірге жетекші шетелдік оқу орындарының филиалдары ашылып, ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсуде. Осының барлығы елімізде адам мен оның жан-жақты дамуы басты назарда екенін аңғартады.

Біз азаматтарымыздың ой-санасы біртіндеп өзгеріп келе жатқанын көріп отырмыз. Мәселен, былтырғы алапат су тасқынына төтеп беруі халқымыздың ұйымшылдығы мен жұдырықтай жұмылуының жарқын үлгісіне айналды. Ең қиын сәттерде ұйыса білу – ұлтымызға тән ерекше қасиет. Өткен көктемде дәл солай біріге алдық. Жұртшылық жоғарыдан ешқандай пәрмен күтпестен, тілсіз жаумен жанқиярлықпен күресті. Олар тек өз үй-жайын ғана қорғап қоймай, жақындарына қол ұшын созып, басқа өңірлерге де көмекке барды. Волонтерлер қозғалысы бүкіл елді қамтыды. Президент өз сұхбатында айтқандай, біз қарқын суды аз уақытта ауыздықтадық. Оған қоса, зардап шеккен нысандарды қалпына келтіріп, тіпті жаңасын салып үлгердік.

Өткен жылы халықаралық деңгейде де көп жетістікке қол жетті. Әлемдік ахуал түбегейлі әрі қарқынды өзгеріп жатқанда біздің ел өзін халықаралық қоғамдастықтың беделді де жауапты мүшесі ретінде көрсете алды. Бүгінде дұрыс жолға қойылған сыртқы саясат кез келген елдің табысты және тұрақты дамуының шешуші әрі негізгі факторы екені анық. Ал мемлекеттің көш басында тәжірибелі саясаткер, білікті дипломат тұрғанда ол ел әлемдік диалогің жаңа ұстанымдары қалыптасатын және іске асырылатын мекенге айналады.

Президентіміздің өзге тілдерді терең меңгергені, басқа елдердің мәдениетін жақсы білетіні, ой-өрісінің кеңдігі оның кез келген кездесуде биіктен көрініп, ұлттық мүддемізді сәтті, табанды түрде қорғауына септігін тигізетінін көріп жүрміз.

Президент өз сұхбатында Қазақстанның Ресей, Қытай, АҚШ, түркі әлемі елдерімен өзара қарым-қатынасының келешегіне егжей-тегжейлі тоқталды. Барлық мемлекетпен арада ауқымды жоспарларымыз бар, ешқайсысымен түсініспеушілік жоқ. Бұған көп ел қол жеткізе алмай отыр. Осының бәрінің артында Президентіміздің күнделікті атқарып жатқан орасан зор еңбегі тұр.

Елге жаңа инвестициялар, технологиялар тартылуда, өндірістер бой көтеруде. Қазақстан әлемдік сауда нарығындағы өрісін кеңейте түсуде. Мұның барлығы еліміздің бақуаттылығына әсерін тигізеді.

Қазақстан 2024 жылы жаңа жобаларға 15,7 миллиард доллар тікелей инвестиция тартты. Ол былтырғыдан 88 пайыз жоғары. Бұл – Орталық Азия өңірі елдеріндегі ең жоғары көрсеткіш. Осы ретте тікелей шетелдік инвестицияның шамамен үштен екі бөлігі біздің елімізге тиесілі.

Мемлекет басшысы өз сұхбатында биліктің барлық тармағының жұмысына жан-жақты тоқталды. Парламент қызметіне оң баға берді. Бұл депутаттарға тың күш-жігер беріп, ел игілігі жолындағы жұмысқа бізді жұмылдыра түседі.

Қазір Парламент алдында үлкен міндеттер тұр. Атап айтқанда, төрт құжатты – Салық, Құрылыс, Су кодекстері мен Цифрлық кодексті жаңадан қабылдау.

Осы заң жобасының жақын арада таныстырылымы өтеді деп ойлаймын.

Осы орайда елімізде озық зерттеулерді экономикаға енгізу тәжірибесі бар. Кезінде майнерлердің жұмысына құқықтық тұрғыдан жағдай жасалды. Қазір Астана халықаралық қаржы орталығы базасында криптобиржа табысты жұмыс істеп, бюджетке тұрақты түрде миллиардтаған салық түсуде.

Әр заң жобасы жаңа жағдайлар мен қоғамның сұранысын ескере отырып, өзі реттейтін салалардағы құқықтық қатынастарды қайта жандандыруға тиіс. Мемлекет дамуына тың серпін беруі керек. Бұл – депутаттардың халық пен Президент алдындағы зор жауапкершілігі. Осы ретте Мемлекет басшысы жан-жақты насихаттап жүрген «Заң мен Тәртіп» принципі жағдайында Парламенттен шығатын әр құқықтық құжаттың құндылығы мен маңызы арта түсуде.

Сондықтан депутаттар азаматтық және сарапшылық қоғамдастықпен әріптестікке заңнаманы жетілдірудің барлық деңгейінде ерекше көңіл бөледі.

Қазір елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптасып келе жатқанын көріп отырмыз. Ашықтық пен пікір алуандығы жаңа саяси сипаттарға айналды. Алты саяси партиядан, бір мандатты округтерден сайланған депутаттар өз сайлаушыларымен күнделікті байланыста. Олардың талап-тілегін Парламент мінберінен жеткізуде.

Осылайша, қоғамда қызу талқыға түскен бірыңғай уақыт белдеуі былдайды. Бұл Мемлекет басшысы айқындаған «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» формуласы нақты жұмыс істейтіндігін және өзін-өзі ақтағандығын айқын көрсетеді.

Сұхбатында Президент болашақ жас буынның келбетін айшықтап берді. Түптеп келгенде, реформаларымыз сол өскелең ұрпақтың қамы үшін жүргізіліп жатыр. Бұл – барлық мемлекеттің стратегиялық ресурсы. Қазір біздің елде Отанымыздың өркендеуіне зор үлесін қосып отырған шын патриот жастар бар екенін мойындауымыз керек.

Мәселен, «Жастар Рухы» жастар қанаты Президенттің айтқан сөздеріне әрдайым алғашқылардың бірі болып үн қосады. Осылайша, бұл ұйым «Таза Қазақстан» акциясының негізгі қозғаушы күшіне айналып, волонтерлық қозғалыс бүкіл ел бойынша қанат жайды.

Сонымен қатар Президентіміз айтқандай, жастармен үнемі жұмыс істеу қажет. Соның ішінде жастар арасында дұрыс бағдар қалыптастыру үшін Мемлекет басшысы осы жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Ел бойынша еңбек адамының мәртебесін арттыруға, еңбексүйгіштік пен кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған ауқымды жұмыс қолға алынды.

Президентіміз сұхбатында мерзімінен бұрын сайлау өткізу ықтималдығы, парламенттік республика құру, БҰҰ-дағы жұмыс туралы әртүрлі алып-қашпа әңгімелерге нақты әрі тура жауап берді. Бұл сұрақтарға нүкте қойылды десе де болады. Мемлекет басшысы өзінің таяу жылдарда елді дамытуға арналған айқын жоспары бар екенін және оны кезең-кезеңімен іске асыратынын тағы да растады.

Бұл – азаматтардың талап-тілегінен және елдің мүддесінен туындайтын, әбден ойластырылған стратегия. Реформалардың нәтижесін біз күн сайын көріп отырмыз. Биліктің барлық тармағы толыққанды жұмыс атқарып, алға қойылған міндеттерді бірге орындап жатыр.

Қоғам мен саяси институттар арасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына негізделген өзара байланыстың нақты жүйесі қалыптасты. Біз жұртшылықпен жиі жүздесіп тұрамыз. Қазір де депутаттар өңірлерді аралап жүр. Президент бастап берген өзгерістердің тек «кабинет ішінде қалып қоятын» емес, азаматтардың сұранысымен біте-қайнасатын өміршең істер, нақты жауаптар екенін көпшілік түсіне бастады. Оны көріп отырмыз.

Сондықтан әлеуметтік зерттеулер Президентке және оның саясатына деген сенім деңгейі 80 пайыздан жоғары екенін көрсетуде. Қоғамымыз жедел өзгеріп жатыр. Жұрт мемлекеттік шешімдер қабылдау ісіне араласуда. Азаматтардың саяси сауаты артып келеді. Ал мұның бәрі – қазіргі жағдайда елдің табысты дамуының берік кепілі.

Бүгінгі сұхбатпен танысқанда Қасым-Жомарт Кемелұлының құжаттармен мұқият жұмыс жүргізетініне тағы да көзім жетті. Оның қасында қызмет еткен кездері Президенттің талапшыл екенін, әсіресе өзіне қатаң талап қоятынын көрдім. Ол өзінің мәтініне өте тиянақты, ұқыпты қарайды. Әрбір құжаттың, өзінің сөйлейтін сөзінің мазмұны мен ондағы негізгі ойларды өзі қалыптайды. Әрине, бұл кей кездері біздің жұмысымызды жеңілдететін. Өйткені аппарат алдында нақты, түсінікті міндеттер қойылатын еді. Бірақ сонымен бірге Президенттің жоғары талабына сай болу үшін бізге үнемі өз-өзімізді жетілдіру қажеттігін де түсінетінбіз.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының жаңа жылды халықпен тілдесуден бастау, өз пайымдарын, ой-толғаныстарын ортаға салу дәстүрі Президентімізді халықпен одан әрі жақындастыра түсіп, азаматтардың жүрегіне сенім мен тыныштық ұялатады. Нәтижесінде бұл баршамызды елдің болашақ дамуы жолындағы ортақ мақсаттар төңірегінде топтастырады.

Әр заң жобасы жаңа жағдайлар мен қоғамның сұранысын ескере отырып, өзі реттейтін салалардағы құқықтық қатынастарды қайта жандандыруға тиіс. Мемлекет дамуына тың серпін беруі керек. Бұл – депутаттардың халық пен Президент алдындағы зор жауапкершілігі. Осы ретте Мемлекет басшысы жан-жақты насихаттап жүрген «Заң мен Тәртіп» принципі жағдайында Парламенттен шығатын әр құқықтық құжаттың құндылығы мен маңызы арта түсуде.

Жуырда ғана Мемлекет басшысы нағыз дипломатиялық қадам жасады. Әзербайжан әуекомпаниясы ұшағының апатқа ұшырауына байланысты туындаған күрделі жағдай мен сыртқы қысымға қарамастан, Президент тергеу амалдарының шынайылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін қара жәшікті құлаған әуекемесін жасаған елге, яғни Бразилияға жіберіп, бірден-бір дұрыс шешім қабылдады. Мұндай шешім мүдделі тараптардың бәрінің көңілінен шығып, Қазақстанның негізгі мәселелердегі табандылығы мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге паш етті.

Былтыр еліміз біраз беделді халықаралық ұйымға төрағалық етіп, бірқатар саммит пен форумның ұйымдастырылуына ұйытқы болды. Президент ел ішінде де, шетелдерде де ең жоғары деңгейде көптеген кездесу өткізді. Олардың бәрі бейбітшілік пен қауіпсіздіктің, барлық салада мемлекетіміздің ілгері басуының кепіліне айналды. Мемлекет басшысының әр шетелдік сапары, халықаралық форумдардағы әрбір сөйлеген сөзі жаңа келісімдер мен уағдаластықтарға жол ашып, елімізге деген сенімді арттыра түседі.

Ауқымды әрі келешегі зор тақырыптың бірі – жасанды интеллектіні дамыту. Депутаттар осы инновациялық саладағы қарым-қатынасты жаңаша қалыптастыратын, оның ел игілігі үшін прогрессивті дамуына жан-жақты жағдай жасайтын заң жобасына бастамашылық етті. Жұмыс тобына бүгінде ASTANA HUB-та жұмыс істейтін жетекші IT компаниялардан маман-сарапшылар кірді. Мәжілісте әзірленіп жатқан мәселесін депутаттар жұмысқа алды. «AMANAT» партиясының Парламенттегі фракциясы аталған мәселені Үкімет мүшелерімен, сарапшылармен, өңір өкілдерімен бірге екі рет қарады. Үкімет алдына сағат белдеуі ауысуының тұрғындар өмірі мен ел экономикасына әсерін анықтау бойынша жоспарланған барлық зерттеуді биылғы наурызға дейін жүргізу міндеті қойылды. Президент айтқандай, соның негізінде Парламент Үкіметпен бірге байыпты шешім қабылдауы тиіс.

7 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДЕПУТАТТАР ӨҢІРЛЕРГЕ БАРДЫ

Еске сала кетейік, 5 қаңтарда Мәжіліс депутаттарының өңірлерге жұмыс сапары басталды. Депутаттар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарында кездесулер өткізіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Сонымен қатар олар сайлаушыларға қабылданған заңнамалық өзгерістер туралы ақпарат беріп, мәселелерін тыңдайды. Өңірлерде сайлаушылар көтерген ең өзекті мәселелерді шешу Мәжілістің жалпы отырыстарының бірінде Үкіметпен бірлесіп қаралатын болады.

ШЫҒЫСТА ОҢДЫ ІСТЕР КӨП

Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Ұлықбек Тұмашинов пен Ерлан Саиров Өскемен қаласындағы гемотологиялық орталықтың құрылыс жұмыстарымен танысты.

Бұл ірі жоба қан жүйесі мен кардиотамыр жүйесі ауруларын диагностикалау мен емдеудің жоғары деңгейіне шығаруға арналған. Сондай-ақ елдегі медициналық көмектің сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

– Орталық «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатыр. Осы жылдың соңына дейін нысан қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр. Құрылыс жұмыстарының уақытылы сапалы орындалуы партияның тікелей бақылауында болады. Бұдан бөлек, былтыр біз медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру туралы заң қабылдадық. Бұл заң дәрігерлермен бірге әзірленді және олардың мүддесін қорғауға бағытталған. Осы жолдағы жұмысты біз әрі қарай жалғастыра береміз, – деді Е.Саиров.

Нысан бірнеше корпусты қамтиды. Бас ғимаратта химиотерапия күндізгі стационар, балалар стационары, соматика, ересектер гематологиясы, кардиология және кардиохирургия, сондай-ақ сүйек кемігін трансплантациялау бөлімшелері орналасады. Сонымен қатар консультациялық-диагностикалық бөлімше де жұмыс істейтін болады. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде.

– Қазір құрылыстың ішкі жұмыстары қалған. Тиісті құрал жабдықтар да сатып алынуда. Бекітілген мерзімде нысанның құрылысын аяқтап қолданысқа беру қажет. Айта кету керек, бұл шетелден қайтарылған активтердің есебінен салынып жатыр. Ендігі кезекте құрылыс сапасына бақылау күшейтіліп, барлық жұмыс белгіленген стандарттарға сай жүргізілуге тиіс. Нысанның уақытылы іске қосылуы өңір тұрғындарының өмір сүру жағдайы мен аймақтың дамуына елеулі үлес қоспақ, – деді Ұ.Тұмашинов.

Жобаның жалпы құны – 71,3 млрд теңге. Құрылыс басталғалы бері 37,7 млрд теңге игерілді. Қазір құрылыс жұмыстарының 78 пайызы орындалған.

ЖАҢА МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Павел Казанцев, Самат Нұртаза және Нартай Сәрсенғалиев Астана қаласы Үркер тұрғын алабындағы жаңа жайлы мектептің алдағы жұмысқа дайындығымен танысты.

Үркер тұрғын алабында мектептердегі орын тапшылығы мәселесі жергілікті тұрғындарды жылдар бойы толғандырып келді. Осылайша, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жаңа үлгідегі мектеп салынып, азаматтарды алаңдатқан мәселе өз шешімін тапты. 9 қаңтарда аталған білім ордасының есігі 2 мың оқушыға айқара ашылмақ.

Нысанды аралау барысында Павел Казанцев Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының маңызды басымдығының бірі отандық тауарлар мен қызмет көрсетушілерді қолдау екеніне назар аударды. Атап айтқанда, нысанды салушыларға қойылатын басты талап – жергілікті қамту үлесі кемінде 70 пайыз болуы.

– Реттелетін жиһаз, жабдық, құрылыс материалдары – толық дерлік отандық өнім. Яғни, 90 пайызы Қазақстанда жасалған. Мұндай тәсіл стратегиялық тұрғыда маңызды дер едім. Себебі Қазақстанда өндірілген өнімді пайдалану ұлттық экономиканың өсіміне ықпал етеді. Бұл – біздің жұмыс орындарымыз, экономика, қаржы айналымы, оның бәрі осында, – деді Павел Казанцев.

Өз кезегінде Самат Нұртаза еліміздегі демографиялық өсім қарқыны білім беру жүйесі үшін елеулі салмақ салатынына мән берді. Тиісінше, мектептердегі орын тапшылығы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр.

– Бұл №33 мектеп әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың есімімен аталады. Ғимаратта оқушылар қауіпсіздігіне ерекше назар аударылғанын атап өткен жөн. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған ұлттық жоба аясында мұндай мектептер еліміздің шалғай елді мекендерінде де салынады, – деді депутат.

Бүгінге дейін Астанада бас-аяғы 11 жайлы мектеп ашылды. Жалпы, елордада ұлттық жоба аясында 90 мың оқушыға арналған жаңа үлгідегі 24 мектеп салынады.

БӨГЕТТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ТЕКСЕРДІ

Мәжіліс депутаттары Еркебұлан Мәмбетов пен Дмитрий Колода аймақтарға сапары барысында Петропавл қаласы Ойқала шағынауданындағы бөгетті қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. 1960 жылы пайдалануға берілген Ущев көшесіндегі нысан шаһарды су тасқынынан қорғауда елеулі рөл атқарады.

Былтырғы алапат су тасқыны Солтүстік Қазақстан халқын біраз әбігерге салды. Соның салдарынан жүздеген тұрғын үй, бау-бақша учаскелері мен инфрақұрылым нысандарын су басты. Осыны ескеріп, теріскейліктер биыл алдын ала қамдануда.

Қазір өңірде 8 бөгет қалпына келтіріліп жатыр. Соның бірі Ущев көшесіндегі бөгетте Мәжіліс депутаттары болып қайтты. Бөгеттің биіктігі 4,5 метрден 7 метрге дейін, ені 3 метрден 6 метрге дейін, ал ұзындығы 300 метрге дейін ұлғайтылған. Бүгінде нысанға 205 мың тонна инертті материал жеткізілді. Бөгетті бетон плиталарымен нығайту жүргізіліп жатыр.

– Бұл шаралардың барлығы өткен жылғы жағдайдың алдын алу үшін қолға алынып жатыр. Былтыр тасқыннан көптеген адам зардап шегіп, орасан материалдық шығындар болды. Биыл бұған жол берілмейді деп сенеміз. Осы орайда бөгетті қайта қалпына келтіру жұмыстары қызу жүргізіліп жатқанына куә болып отырмыз. Ең бастысы құрылыс жұмысының сапалы әрі уақытында аяқталуы, – деді депутат Еркебұлан Мәмбетов.

Жобаның жалпы құны 851 миллион теңгені құрайды. Заманауи технология мен сапалы материалдар қолданылуда. Ол бөгеттің ұзақ мерзім қызмет етуіне септігін тигізеді. Жұмыстың сапалы орындалуы «AMANAT» партиясының ерекше бақылауында болады.

Былтыр көктемдегі су тасқыны салдарынан облыста 4 мыңнан астам тұрғын үй, 45 кәсіпкерлік нысан, 42 автожол учаскесі зақымданған болатын.

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫН БА?

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Наталья Дементьева Аршалы ауданы Анар ауылында Анаркөл көлінің бөгетін қайта жаңғырту жұмысымен танысты.

Анаркөл көлі ауылдық округтің мыңнан астам тұрғынын ауызсумен қамтамасыз етіп отыр. Өткен ғасырдың ортасында салынған ауыл мен көл арасындағы бөгет әбден ескірген. Оның ұзындығы 1300 метрді құрайды. Ауыл тұрғындарын тасқын судан қорғауға қауқарсыз. Осыған байланысты былтыр қайта жаңғырту жұмысы басталып, бүгінге дейін айналма каналдың бір бөлігі тазартылды. Бөгет қабырғасы нығайтылып, 6 метрге дейін кеңейтілді. Ондаған техника жұмылдырылып, қиыршық тас пен сазды топырақты қоса алғанда, 21 мың тоннадан астам құрылыс материалы жеткізілген.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында атап өткендей, былтыр жойқын су тасқыны болды. Зардап шеккендер қатарында Аршалы ауданы да бар. Сондықтан алдағы көктемге дайын болуымыз керек. Мәжілісте жаңа Су кодексінің жобасы қаралуда. Мемлекет 2030 жылға дейін 40-тан астам жаңа су қоймасын салу және ел аумағында жұмыс істеп тұрған 37 су қоймасын жөндеу бағытында жұмыс жүргізуде», – деді Наталья Дементьева.

Жалпы, 2025 жылы Анаркөл көлі бөгетінің төменгі бөлігінде 15 су өткізу құрылысын орнату жоспарланған. Олар көлдің толуына және қорғаныс бөгетінің шайылып кетуіне жол бермейді. Жұмыс «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жүргізіліп жатыр және партияның ерекше бақылауында.

Сонан соң депутат азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛУДА

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымова Байзақ ауданы Қызыл Жұлдыз ауылындағы жаңа дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысты.

60 емделушіге арналған медициналық мекеме «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынған. Мұнда 3 дәрігер, 13 орта медицина қызметкері және бір психолог жұмыс істейді. Аталған амбулатория ауылдағы 5 мыңға жуық тұрғынға қызмет көрсетеді.

Гүлдара Нұрымова ауылдағы дәрігер тапшылығы мәселесін шешу үшін ауылды жерлерге көшіп келген мамандарға 100 АЕК көлемінде көтерме жәрдемақы төленетінін атап өтті. Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі заңға енгізілген бұл норма «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған.

– Мемлекет денсаулық сақтау саласына үнемі ерекше көңіл бөледі. Биыл дәрігерлерді қорғауға, олардың мәртебесін көтеруге бағытталған сапалы жаңа заң күшіне енді. Бірқатар әлеуметтік кепілдіктер енгізіліп, құқықтық қорғау күшейтілді. Атап айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда медицина қызметкерлерінің балаларына бірінші кезекте орын беріледі, басы артық есеп беру мәселесі қысқартылады, дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігі сақтандырылады және басқа да өзгерістер бар. Медициналық жоғары оқу орындарының жас түлектері олардың көмегі адамдарға шынымен де қажет екенін және мемлекет тарапынан жасалатын қолдау шаралары дәл осыған бағытталғанын анық түсінуге тиіс, – деді депутат.

Биыл өңірде партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Байзақ, Қордай және Сарысу аудандарындағы аудандық ауруханаларды қоса алғанда, 7 медициналық нысанның құрылыс жұмысы басталады. Сондай-ақ Таразда туберкулезбен және өкпенің өзге де ауруларымен ауыратын балаларға арналған перинаталдық орталық, жедел медициналық жәрдем стансасын және мамандандырылған санаторий ашу жоспарланып отыр.

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мәжіліс депутаты Асхат Рақымжанов Батыс Қазақстан облысында «Жайықтеплоэнерго» АҚ жылу электр орталығының ұжымымен кездесті.

Асхат Рақымжанов өз сөзінде жылу электр орталықтарының жұмысы Мәжілістің ерекше назарында екенін, сондықтан бірінші кездесу осы жерден басталғанын атап өтті.

«Жайықтеплоэнерго» АҚ бас директоры Бақытжан Әкімғожин орталықтың Батыс Қазақстан облысындағы ең үлкен мекемелердің бірі екенін, қаланы жылу және ыстық сумен қамтамасыз етіп отырғанын айтты. Оның құрылысы 1953 жылы басталып, 1960 жылы 22 желтоқсанда бірінші турбо агрегат іске қосылған.

Бүгінде жылу электр орталығының 88 пайызы тозған. Сондықтан реконструкция жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мысалы, бірінші турбо агрегатты ауыстыру бес жыл бұрын басталып, 2025 жылдың наурыз айында іске қосу жоспарланған.

– Мұндағы өзекті мәселе – жабдықтардың қымбаттығы. Делдалдар арқылы сатып алатын болғандықтан, тарифке де әсер етуі мүмкін. Жұмысшылардың айтуынша, орташа жалақы 200 мың теңгенің айналасында, сондықтан жастардың мұнда жұмыс істеуге деген қызығушылығы төмен, – деді Асхат Рақымжанов.

Осыған орай кәсіпорын қызметкерлері жас мамандарды қолдау шараларын қарастыруды сұрады. Өз кезегінде, Асхат Рақымжанов Парламентте қабылданып жатқан заңдар туралы айтып берді. Соның ішінде «Жылу-энергетика» туралы заңның артықшылықтарын түсіндірді.

Бетті дайындаған Ә.САМАТҰЛЫ

МӘСЕЛЕ

Биыл есірткі саудасына қарсы ауқымды «соғыс» жарияланған жыл ретінде тарихымызда қалуы мүмкін. Президент кез келген ұлттың тұқымын тұздай құртар ғасыр кесапатымен сұрапыл шайқастағы тарихи бетбұрысқа жол ашатын заңға қол қойды. Ол осы күреске тартылған құрылымдарға жетік тетік, жойқын арсенал ұсынады. Мысалы, «есірткі барондарының» тірегін күйрету үшін қызмет бабын теріс пайдаланған шенділер де өмір-бақи түрмеге жабылады. Қылмыстық кодексте жаңа жаза түрлері пайда болды. Өзге де жаңалықтар өмірге жолдама алды.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСКЕ ЕКПІН БЕРІЛЕДІ

Айхан ШӘРІП

КЕЙБІР ЖАЗА НЕГЕ ЖҰМСАРДЫ?

Жер-жаһанда нашақорлық жазылмас ғасыр індетіне айналды. Ғаламтордың DarkNet көлеңкелі секторы, Telegram-арналар, әлеуметтік желілер есірткі саудасын одан сайын қыздырды және оны ұйымдастырушыларды ұстау ісін жеріне жеткізе қиындатты. Бұл құрдымдағы қылмыскерлер «желілік маркетингті» қолдана бастады. ІІМ сарапшыларының айтуынша, мәселен алаяқтар негізінен, егде жастағыларды айналсоқтаса, есірткі саудагерлері, әсіресе жастарды және қалталы азаматтардыториды, жолын кесіп, алдын кескестейді. Сөйтіп, оларды торға түсіріп, орға жығады. Қазіргі синтетикалық есірткінің және басқа түрлерінің дәмін бір алған байғұс адамның одан енді құтылуы неғайбыл.

Сондықтан осы саладағы ұлттық заңнамаға ревизия жүргізіп, заманға сай жетілдіретін уақыт жетті. Осы орайда Мемлекет басшысы 2025 жылғы 2 қаңтарда «Кейбір заңнамалық актілерге есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Заң ел Президентінің 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларын орындауға бағытталған. Ол бір жағынан, есірткі өндіруді және өткізуді ұйымдастырушыларға жауапкершілікті қатаңдатуды, екінші жағынан, есірткіні жасырын орналастырушыларға қолданылатын шараларды керісінше, жұмсартуды қарастырады.

Есірткіні тығушылардың жазасы аздап жеңілдеді. Мәселен, қылмысын ауырлататын мән-жайлар болмаса, алғаш рет мұндай қылмыс жасағаны үшін мүлкін тәркілеп, 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Бұған дейін мүлкін тәркілей отырып, 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыратын.

Ақорданың түсініктемесінде айтылғандай, жаза мұндай қылмысқа тартылатындардың, яғни есірткіні жасырын орналастырушылардың көбі жасөспірімдер мен жастар болғандықтан жұмсартылды. Олардың есірткіні дайындамайтыны, көбіне есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылардың тұзағына түсетіні ескерілді. Алайда қылмыстық әрекетті бірнеше рет қайталаса, оны мүлкін тәркілей отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қатаң жаза күтеді.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Наурызбай Байқадамовтың түсіндіруінше, бұл құжатта қызмет бабын пайдаланып қылмыс жасаған: мысалы, есірткі таратқан, есірткі саудасын ұйымдастырған лауазымды тұлғалар, шенеуніктер, әкімқаралар және басқасы үшін қылмыстық жаза қатайтылды. Бұрын олардың мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылатын. Биылдан бастап мүлкі тәркілене отырып, 15 жылдан 20 жылға дейін немесе айыбы ауыр болса, өмір бойына темір торға қамалады. Яғни, бұрынғы ең жоғарғы жаза ең төменгі межеге айналды.

– Бұл қызмет бабын теріс пайдаланушылыққа қарсы тежеуші фактор болады деп есептейміз. Жалпы, бұл заңның тұжырымдамалық басты бір жаңашылдығы сол, оған сәйкес Қазақстанда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру мен өткізудің арасындағы қылмыстық жауапкершілікті ажыратады. Сол арқылы есірткі бизнесін ұйымдастырушылардың және есірткіні өткізушілердің, оның ішінде «закладчик» деп аталып кеткен тұлғалардың арасындағы жазаны саралайды. Біріншілері үшін жаза күшейтілді, екіншілеріне – шамалы жұмсартылды, – деді сенатор Наурызбай Сейтқалиұлы.

Заңға бастамашы болған депутаттардың пайымдауынша, құпия орындарға есірткі жасыруға, соған сілтеме жасайтын граффити, жазба қалдыруға немесе есірткі саудалайтын сайттарға, телеграм-арналарға апаратын QR-кодтарды жапсыруға негізінен, жұмыссыздар, тұрмысы төмен жандар – маңдайы тасқа тиіп, өмірден тепкі жегендер барады. Сондай-ақ қаскөйлер бұл қарау әрекетке оқушыларды кең тарта бастады. Оларды: «Жасың 18-ге толмаса, сені соттай алмайды», – деп алдайтын көрінеді. Сондықтан аяғын шалыс басқандардың бәрін қатаң жазалай берсе, түрмелер жас ұрпаққа толып кетуі мүмкін.

ҰРПАҚТЫ ҚОРҒАУ – ҰЛЫҚ МҰРАТ

Жазаны саралау аясында Парламент Қылмыстық кодекстің 297-бабын өзгертіп, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді сату мақсатында иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту, не өткізу қылмыстарының бірқатары үшін жаза мерзімдерін 2-3 жыл мерзімге төмендетті. Бірақ олардың бәрінің мүлкі тәркіленеді.

Соның ішінде есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу үшін жаза бұрынғы 10 жылдан енді 8 жылға дейін, ірі көлемде болса, 12 жылдан 10 жылға дейін, аса ауыр және ұйымдасқан топпен жасаған жағдайда 15-тен 12 жылға дейін азайтылды.

> **Есірткіні тығушылардың жазасы аздап жеңілдеді. Мәселен, қылмысын ауырлататын мән-жайлар болмаса, алғаш рет мұндай қылмыс жасағаны үшін мүлкін тәркілеп, 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.**

Н.Байқадамовтың айтуынша, бұл жаза басқандар ертерек шартты түрде мерзімінен бұрын босау мүмкіндігін алуы үшін жасалыпты. Бұған керісінше, жоғары тұрғандарға, есірткі бизнесін ұйымдастырушыларға және өндірушілерге қатысты жаза ауырлады.

Есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында басқа да шаралар қабылданды. Мәселен, қылмыстық топ арқылы аса ірі мөлшерде құрамында есірткі заттары бар және өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіргені үшін заң жүзінде жауапкершілік белгіленді.

Қылмыстық кодекс есірткі бизнесін ұйымдастырушылар, есірткіні, психотроптық заттарды және сол тектестерді өндірушілер үшін жауапкершілікті белгілейтін жаңа 297-1-баппен толықтырылды. Олардың жазасы бас бостандығынан айыру мерзімін өмір бойына дейін ұлғайту арқылы күшейтілді.

Заңда Қылмыстық кодекстің 301-бабын толықтыру арқылы ел ішінде күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымы мен өндірісі үшін жаза белгіленіп отыр. Себебі бұған дейін Қылмыстық кодекс нормаларына сәйкес олардың контрабандасы үшін ғана жауапкершілік қарастырылған-тын. Прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттар кең ауқымда заңды айналымда жүр, мысалы, ауруханалар пайдаланады. Осыны ескере отырып, оларды қолдану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қосылды.

Заңда университеттерде, мектептерде – білім беру ұйымдарында немесе кәмелетке толмаған адамға қылмыстық топ қатарында есірткі таратушыларды жазалайтын қатаң үкім сақталды. Олардың мүлкі тәркіленеді және 15 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Бұл ретте депутаттар оқушыларға есірткі сатқан педагогтерге қосымша жаза ретінде босап шыққаннан кейін оларды «белгілі бір лауазымдарды атқару не белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыруды» ұсынған болатын.

Оның үлгісі де бар: қолданыстағы заңнамада кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауға, сондай-ақ қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту үшін ұқсас қосымша жаза көзделген. Бірақ жұмыс тобы оны қолдамады. Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділов заңнамалық түзетулерді қарау барысында шын мәнінде сондай мәселелер туындағанын растады.

– Бірақ Қылмыстық кодекстің 297-бабының 4-бөлігінің негізгі санкциясы онсыз да өте қатаң жауапкершілік шарасын қамтиды. 15-тен 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру – бұл, әрине ұзақ мерзім. 2024 жылы білім беру ұйымдарында есірткі өткізу фактілері тіркелмеді. Бүгінде барлық мектебіміз 100% бейнебақылаумен жабдықталды. Олардың әрқайсысына кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы бекітілді. Егер болашақта қажет болып жатса, қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіру шараларын талқылауға дайынбыз, – деді Санжар Әділов.

АЛДЫН АЛҒАН ОЗАДЫ

Жазалаумен ғана есірткі саудасын жеңу мүмкін емес. Нарық заңы бойынша сұраныс туындаған жерде ұсыныс пайда болады. Сондықтан қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақ арасында нашақорлықтың алдын алу шаралары күшейтілуге тиіс.

Ішкі істер министрі орынбасарының мәліметінше, 2024 жылы есірткі саудасымен айналысқан 49 жасөспірім тұтқындалған. Бас бостандығынан айыру орындарында 9 бала отыр. Үлкен бөлігі бұрынғы амнистиялар барысында босап шыққаны мәлім.

«Олардың бәрі қылмысқа ақша табу үшін барған. Бізде оларды ұстап тұру үшін Қазақстан бойынша жалғыз ғана колония қарастырылған, ол Алматыда орналасқан. Босап шыққаннан кейін қайта оралмауы үшін олардың арасында профилактикалық іс-шаралар, дәрістер өткізіледі. Наркологтарды, психиатрларды, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін шақырамыз. Колониялардағы профилактика білім беру, медициналық және жедел іс-шаралардан тұрады. Нашақорлар болса, оңалту-реабилитациядан өтеді», – деді С.Әділов.

2024 жылы республика бойынша 15 мыңнан астам есірткіге қарсы іс-шара өткізілген екен. Полиция осы күреске тартылған қоғамдық ұйым мамандарымен бірге жоғарғы оқу орындарын, колледждерді, мектептерді аралап, 1 миллионнан астам адамды қамтыды.

Ал Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаевтың айтуынша, осындай қиын жағдайға душар болған балаларды медициналық-әлеуметтік реабилитациялаумен айналысатын орталықтар тек 17 өңірде бар. Ендеше олардың желісін әрі қарай дамытқан жөн. Озық елдерде әрбір ірі қалада тиісті орталық жұмыс істейді. Денсаумині 2025 жылы оңалту орталықтарымен өңірлерді толық қамтуды жоспарлады. Осы мақсатта бүгінде қалған 3 өңірде орталық ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Бұл орталықтарда бірінші кезекте медикаментозды емес реабилитацияға екпін түсіріледі. Дәрілер де болады, әйткенмен тәрбиеге, ерік-жігерді шыныықтыруға, еңбек терапиясы элементтерін пайдалануға баса мән беріледі. Еңбекпен жүктелген балалардың ерігіп, ермек іздеуіне уақыты қала бермейді. Бұдан бөлек, заңнаманы жетілдіру аясында дәріханалар арқылы уытты, күшті әрекеті бар дәрілік заттарды сату күрделендірілді. Бұл заттардың тізімін ІІМ-мен келісіп, арнайы бұйрықпен бекітеміз, – деді Ержан Нұрлыбаев.

Ол күшті әсер ететін заттары бар дәрілік препараттарды тіркеу, айналымға жіберу, жою Денсаулық кодексімен, бірқатар нормативтік құқықтық актімен қазірден қатаң регламенттелгенін жеткізді. Өйткені әлеуметтік желідегі зиянды нұсқауларды оқып, видеосын көрген жасөспірімдер «мультик көру», «жаңа кеңістіктерді ашу» үшін мұрынға, көзге тамызатын және басқа дәрмектерді, трамадол сияқты есірткілік опиоидты анальгетиктерді тұтынуға әуестене бастаған болатын. Бұған жаңа заң тосқауыл қоюға тиіс.

Қазақ елі дарыны зор, арыны керім, ойы ұшқыр, адымы алшақ ұрпақтан кенде емес. Ұлт келешегінің кілтін, болашақ елдің божысын солар қолына алса, жөн. Демек, мемлекеттің маңызды бір міндеті оларды есірткі саудалаушылар құрған тұзақтан қорғап қалып, жарқын болашағына аман-есен жеткізу болмақ.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ – ЦИФРЛАНДЫРУ

Туризм және спорт саласындағы басты міндеттердің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл бағытта жүйелі шаралар жүзеге асырылып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қабылданған 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы аясында ашықтықты қамтамасыз етуге арналған нақты жұмыстар қолға алынды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Туризм және спорт министрлігі бірлесе отырып спорт саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Талдау барысында бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану мен жымқыруға жол ашатын тәуекелдер анықталды. Осы мәселелерді шешуге бағытталған шаралар кешені жоспарланды. Оның ішінде ең маңыздысы – цифрландыру. Мәселен, e-Sport спорт саласын цифрландырудағы ең маңызды бастамалар қатарында саналады.

Қазір министрлік заманауи технологияларды пайдалана отырып, e-Sport платформасын әзірлеуді бастады. Бұл жүйе спорт саласындағы ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған. Платформаның негізгі мақсаты – спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер мен әдіскерлер туралы деректерді қамтитын орталықтандырылған базаны құру. Сонымен қатар бұл жоба спортшылар мен жаттықтырушылардың біліктілігін растау, электронды іс-шаралар күнтізбесін жасау, спорт нысандарының реестрін қалыптастыру секілді мәселелерді тиімді жасақтауға мүмкіндік береді.

Пилоттық кезеңде платформаның бірнеше модулі іске асырылды. Бүгінде 81 спорт федерациясы мен 6 ұйым осы жүйеге қосылды, 1700-ден астам спортшы туралы ақпарат енгізілді. 2025 жылы e-Sport платформасының функционалын кеңейтетін боламыз. Атап айтсақ, жарыс хаттамаларын электронды форматқа көшіру, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, статистикалық деректерді жинауды проактивті форматта енгізу жоспарланып отыр. Ал өңірлік спорт басқармалары осы платформаны жедел әрі сапалы енгізуге бар күшін салуға тиіс. Себебі бұл құрал спорт саласын цифрландыруда және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар ашықтық – басты мақсат екенін ұмытпауымыз керек. Яғни, e-Sport цифрлық платформасы спорт саласын ашық әрі тиімді басқаруға мүмкіндік береді және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып, саладағы жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Қабылданған бастамалар мен жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жақын арада нақты нәтижесін береді деген сенімдеміз.

Туризм саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу жұмыстары да жалғасып жатқанын атап өткен жөн. Бұл талдаудың сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған жаңа қадамдардың негізін қалауда маңызы зор.

Цифрландыру – сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ең сенімді, әрі жалғыз жол. Елімізде қолға алынған бұл бастамалар азаматтардың сенімін арттырып, спорт саласын жаңа деңгейге көтереді.

Ербол МЫРЗАБОСЫНОВ,
Туризм және спорт министрі

ЖҮРЕК КӨЗІ

7 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

– Қадырова деген кім?
– Мен.
– Менің қызым екенсің ғой. Мен Қадыр Мырза Әлі деген ағаларыңмын. Сендерге бір ай сабақ беремін. ҚазМУ-дың Филология факультетінен келдім, 5-курс студентімін. Салтанат Қадырова мен Қадыр Мырза Әлінің таныстығы осылай басталыпты. Қаламынан сыршыл өлең туған қаламгердің туғанына биыл – 90 жыл. Осынау мерейлі жылда Халық жазушысының жары Салтанат Мырзәлиевамен сырласқан едік. Ақын жары естелік парағын 10-сынып кезінен бастады.

АЛАШТЫ СҮЙГЕН АҚЫН

«ҚАДЫРОВА ҚАШЫП КЕТПЕСІН»

Бұл кез – оқушы мен практикант мұғалімнің арасында таныстықтың енді ғана басталған шағы. Қаскелеңдегі Абай атындағы 10 жылдық мектеп-интернатқа студенттер сабақ беруге келген екен. «Сыныпқа кіріп келген жігіттің тұрпаты да,болмысы да ешкімге ұқсамайтын,әдемі киінген. Әдетте, мектепке келген тәжірибеден өтушілерді оқу ісі меңгерушісі немесе сынып жетекшісі келіп таныстыратын. Бірақ Қадыр ағаң жалғыз кіріп келді. Ешкіммен амандаспай, журналдағы оқушылар тізімін үнсіз көзбен жүгіртіп оқып, менің фамилияма келгенде дауыстап «Қадырова деген кім?» деді. Мен орнымнан түрегелдім. «Менің қызым екенсің» деген кезде бәріміз аң-таң болып едік. «Біздің таныстығымызға себеп болған – менің тегім мен оның аты», – деп еске алады Салтанат апай сол бір сезімге толы кездерін.

Кейіпкеріміз «Қадырова» деген фамилияның нағашыларының қолында өскендіктен берілгенін айтты. «Отбасында 2 қыз, 2 ұл өстік. Шешемнің Молдабай деген бауыры бар, оның Қадыр деген ұлы мені асырап алған. Сондықтан менің әкемнің аты – Қадыр. Осылайша, тегім де «Қадырова» болып жазылған» дейді апай.

Жатақханада бірге 14 қыз бірге кешкі тамақтан қайтса, Қадыр аға күтіп тұрып, «Қадырова қашып кеткен жоқ па, соны тексеруге келдім» деп біраз әзілдеген екен. Тәжірибе уақыты бітіп, өзі қалаға аттанарда Салтанат апайға бір жапырақ қағазға: «Мен кетіп бара жатырмын. Шығарып салуға аялдамаға кел» деп жазып беріп жіберген. Бұл сөзіне қыз елең етпесе де, әр демалыста Қаскелеңге келіп: «Қадырованың қашып кетпегенін» тексеріп қайтуды әдетке айналдырыпты.

– Мектепті бітірген соң, емтихансыз «Хрущевские кадры» жанындағы №1 полиграфиялық училищеге түстім. Ол жерде оқу мен жұмысты қатар алып жүріп, екі жылды өткіздім. Сөйтіп сол жылы, яғни 1957 жылдың қараша айында Қадырға тұрмысқа шықтым. Алматының Тастақ деген жерінде пәтер жалдап тұрдық. Қадекең де дипломын қорғап, жұмысқа тұрды. Бұл пәтерде алты жыл тұрыппыз. Төрт жылдан кейін марқұм Қуаныш ұлым дүниеге келді. Ол кезде балабақша деген өте қат, болса да орыс тілінде, тіпті орын жетпейді. Жұмысым – бір жақта, балабақша – екінші жақта. Үлгеру қиын. Содан мен үйде балаға қарап, үй шаруасымен отырдым, – дейді кейіпкеріміз.

«КІТАП АРҚАЛАП ЖҮРЕТІН ЕДІК»

Заман қиын болса да, «Хрущевкадан» үй алып, сол жерде екінші ұл Қазыбек туыпты. Жазушылар Одағы алғашқылардың бірі болып салынған 7 көпқабатты үйді бергендегі қуанышын әлі күнге ұмыта алмаған.

– Көпқабатты үйге көшкенде, 1970 жылы үшінші ұлымыз Ғазиз дүниеге келді. 4 жылдан кейін Жамбыл мен Байзақов көшесінің бұрылысында Жазушылар Одағы үй салды. Қадекең содан төрт бөлмелі үй алды. «Мен бармаймын, мына үйімді қимаймын» дегеніме қарамай көштік. Сондағы Қадекеңнің уайымы екі бөлмеге үш баламен қысылып тұру емес, кітабына орынның жетпегені екен. Кітабы өте көп болды. Пәтерден пәтерге көшіп жүргенде дүние-мүлік деген жоқ, алып жүретініміз – тек кітап. Дорбалап, арбалап кітап тасимыз. Бұл төрт бөлмелі үйде 20 жыл тұрдық. Осы уақытта үй көбейді, балалар үйлене бастады, отбасымыз үлкейді, – деп әңгімесін жалғастырды Салтанат апай.

Айтуынша, ең кіші ұлы Ғазиз 18 жасында үйленген. Баласы Мұхит Мырзалиев-Аханаев – суретші. Нағашы атасының да фамилиясын қосып алған екен. Үлкен ұлы Қуаныш та, екіншісі Қазыбек те орыс қызына үйленген. Қуаныш Мәскеуде оқып жүргенде Наташаны, ал Қазыбек Ленинградтан Аленаны алып келген. Сол жылдары Жазушылар Одағы салған кооперативті үйлерден жазушы тағы үш бөлмелі пәтер алып, үлкен ұлына берген екен.

– Төрт бөлмелі пәтерімізді екіге айырбастадық: екі бөлмелі және үш бөлмелі пәтерге. Қазыбекті соның біріне жайғастырып, бірінде кіші ұлымызбен тұрдық. Бірақ кітап қоры көп ағаң ол жерге сыйсын ба? «Үлкен үй алып, кітапхана құрсам екен» деп жүретін. Ағаңның 65 жылдығында оралдықтар волга сыйлап еді. Өзінің жиған аз-кем ақшасы бар. Күннің бірінде сол қаржының бәрін қосып, Төле би мен Розыбақиев қиылысынан төрт бөлмелі пәтер сатып алып, сонда көшіп келдік. Ол жерде 9 жыл тұрдық. «Кітабыма бөлме керек, сыймай жатыр» деген тағы көңілі толмайтынды шығарды. Әйтеуір 85 мың рубль жинапты. Сол 85 мың рубль дефолт болғанда күйіп кеткен екен. Одан 500 теңге қалыпты. Бірде әлдекім үйге қоңырау шалады: «Сізде дефолттан кейін 500 теңгеңіз бар, келіп қолыңызды қойыңыз» деп. «Әй, бармаймын, алмаймын керегі жоқ» деп ағаң бармай қойды. Дефолт кезінде ағаңды зейнетке шығарды. Біраз уақыт шай мен нанға қарап қалдық. Кітап шықпайды, баспалар жұмыс істемейді, ағаң жұмыссыз. Кейін баспалар қайта ашылғанда, ағаң баспаға жұмысқа тұрды. Содан әйтеуір қамданып, тағы ақша жинай бастады. Солай жиғаны 85 мың долларға жеткен екен, – деді ол.

«ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫН» АРМАНДАП КЕТТІ

Кітабына арнайы бөлме арнап, жеке кітапхана құруды армандаған Қадыр Мырза Әлі болмысында кітапқа құмар жан, білімге ашкөз, жазуға шебер. Газеттегі сатылатын пәтерлердің жарнамасын қалт жібермей қарап отыратын әдеті де бар екен. Газет бетіндегі жарнамаға көзі түсіп, өзіне ұнаған пәтерді алу үшін көрсетілген нөмірге хабарласып, ойдағыдай жауап ала алмаған соң, көңіл күйі жоқ үйге оралады. Отағасының мінезін білетін Салтанат апай да көңілсіз қалады. Сондай көңілсіз сәтті қоңырау даусы бұзады.

– «Байеке, сізді шақырып жатыр» деп телефонды ұстаттым. Қадекеңнің дауыс ырғағы бұзыла бастады. Бір кезде жүзінде қуаныш пайда болып, жадырай түсті. Әлгі жігіт пәтерін сататынын айтып, қуантып қойыпты. Үйді сатқан Серік Қарсыбеков деген архитектор-құрылысшы жігіт екен. Бұйырып тұрған үй екен, алдық. Ағаң марқұм бұл үйде сегіз-ақ жыл тұрды. Қабырғаның бәрі түгел кітап сөресі болатын. Көшербаев әкім кезінде үй берген. Әкімдікте істейтін бір орыс баланың үйі екен, оны үлкен ұлымызға бердік. Ол жерде 15 жылдай тұрды, – дейді Салтанат апай.

«Шынымен ақын жанын қалайсың ба?

Шыдайсың ба, шынымен талай сынға?

Ақын деген бірде қарт, бірде сәби,

Қартты сыйлап, сәбиге қарайсың ба?» деп жырлайды Мұқағали ақын. Ақынның жары болу да оңай емес. Мұндай сезімді Салтанат апайдың да бастан кешіргені анық. Бір қызығы, кейіпкердің айтуынша, Қадыр ақынның көзі тірісінде бірде-бір жазбаларын оқымаған екен.

«Мен еш уақытта Қадекең өлең жазып отырғанда, басқа күндері де кітабын, өлеңдерін оқымайтынмын. Себебі жұмыс үстелінде отырған кезінде келе қалсам, жазып отырған дүниесін екінші парақпен жаба қалатын. Сосын түсінем болмайтынын. Үнемі айтамын, 35-жылдары туғандар ХХ ғасырдың 60-жылдары аттары дүркіреп шықты. Бір-бірімен жиі араласып, жиі кездесетін. Біреудің туған күні болса, кітабы шыкса, мақаласы жарияланса жиыла қалады. Одақ деген қайнап жататын. Күнде біреудің шығармасын талқылайды, біреудің шыққан кітабын тойлатады. Біз Райымбек Сейтметов деген әртіс, режиссермен жақсы дос болдық. Райымбек Сейтметов Қадыр ағаңның өлеңдерін жатқа оқитын. Барлық өлеңі Райымбек марқұмның айтқандарынан есімде қалған. Кейін өзі жоқта кітаптарын алып оқысам, Қадыр мен Райымбек көз алдыма келеді. «Талантты қастерлейік тірісінде» деп Қадыр аға айтқандай» деп үйге кіріп келетін. Кейін сол өлеңдерін ашып оқысам: «Е, мынау Райымбек оқыған өлеңдер екен ғой» деймін іштей», – дейді Салтанат апай қолындағы Қадыр ағаның кітабын парақтап отырып.

«Қадыр Мырза Әлі тазалықты, ұқыптылықты жақсы көретін, талапшылдықты аса ұната бермейтін кісі еді» дейді жары. Тіпті, жел тұрып, сел жүрсе де, бәрі орнында тұруын қатаң сақтаған. Салтанат апай бір сөзінде Қадыр Мырза Әлі балаларының сабағымен бастауыш сыныбын бітіргенше шұғылданып, бірге есеп шығарып, шахмат ойнайтынын айтты. Әке тәрбиесін көрген балалар сабақты озат бітіріп, үлкен ұлы Қуаныш 8-сыныптан кейін Мәскеуге, екінші ұлы Қазыбек 10-сыныпты бітіріп, Пушкинге оқуға түскен.

Салтанат апай әңгіме арасында жолдасының анасы туралы сыр шертті. Шаңырақ көтерген жылы пәтерде бірге тұрып, ененің тәрбиесін көргенін де айтты. Қазағы аз қалада көп шыдамай, Жымпитыға қайтыпты. Десе де, енесінің жиі келіп, әр келгенде немерелерімен балаша ойнап, жадырап қайтатын кездерін сағынышпен еске алды.

«Қадырова» нағашыдан берілген тек болса, «Салтанат» – жолдасының қойған аты. Иә, Қадыр Мырза Әлінің әйеліне қойған есімі.

– Әке-шешемнің азан шақырып қойған аты – Сағатай. «Салтанат» деп қойған ағаң. Атым ұнамаған болар, мүмкін, – деп бір жымиып алды.

Ақын Қадыр Мырза Әлі – жас кезінен қиындықты көп көрген кісі. Әкесі соғыстан ауыр жарақатпен оралған, ал анасы Жымпитыда пима тігетін цехта жұмыс істеген. «Кейде мамама барсам, порша-порша тер, екі білегі жүн илегеннен қызарып кеткен» деп бала кезде көргенін жарына айтып берген екен. Әкесі өмірден озғаннан кейін анасы Қадыр Мырза Әліні алып үлкен атасы Қайроштың қолына барып тұрған.

Айтпақшы, Қадыр аға 10-сыныпты бітіргеннен кейін бір жылдай әкімдікте жұмыс істеп, жиған ақшасымен Алматыға кетіпті. Жазушының бөлме толы кітабы Қадыр Мырза Әлінің 80 жылдығына орай Оралда ашылған орталыққа тапсырылған. Ол жерге 7 мыңға жуық кітап өткізілген. Салтанат Қадырованың айтуынша, жазушының кітаптарды жинауында бір заңдылық бар. «Мәселен, Шығыс жазуларын Шығыстың батыс жағы, Шығыстың оңтүстік жағы деп бөліп жинайтын еді. Сонда іздегенін тез табатын», – деп сөзін түйді Салтанат апай.

«АЛМАТЫДАН ЖАҚСЫ ҚАЛА ЖОҚ»

Қадыр ағамен көзі тірісінде екі рет сұхбат алған едік. Алматыны ерекше жақсы көрді. Тіпті, Оралға көшіп барып, қайта оралғанын да айтқан еді. Сондағы әңгімесінде:

«Шынымды айтайын, шығармашылық адамдарына Алматыдан жақсы қала жоқ. Осында келгеніме 54 жыл болыпты. Туған жерімде көп болса, бір жиырма жыл тұрған шығармын, қалған уақытымның көбі осында өтіп жатыр. Оның үстіне, барлық творчестволық күш – осында. Орта дейміз ғой, сол ортаңыз да осында» деген еді.

Алматыны неге ерекше сүйгенін жасырмайтын. Өйткені жазушылардың тоқсан пайызы Алматыда тұрды. Қадыр аға «Орта деген одан гөрі кеңірек ұғым» дейтін еді.

«Жеті жүз жазушының жетеуімен аралассаң, сол да орта болып есептеледі. Баяғыда Парижде салон дейтін болған екен. Париж дегеніңіздің өзі мәдениеттің орталығы болып есептелген ғой. Қыздардың бояуына дейін сол жерден шығады. Сол салон бойынша, аптадағы бір күн бір адамның күні болып есептелген. Мәселен, әр аптаның сәрсенбісі Бальзактың күні болып саналады. Ол күнге ешкім таласа да алмайды. Сол сәрсенбі күні жолдастары Бальзактың үйіне жиналады екен. Әңгімелеседі, сырласады, кішкене шарап ішеді. Әрқайсысы өзінің оқыған кітаптарымен бөліседі. Бірінің оқығанын бірі оқымайды ғой. Сөйтіп, пікірталас жүргізеді. Ол жерде жалғыз әдебиетші ғана болмайды. Суретшіңіз де, сазгеріңіз де бар. Сонда бір адам жеті кісінің білімін алып шығады. Ал қазақтың өзінің қазақы бояуы болады ғой» деген еді Қадыр ақын бір әңгімесінде.

Қадыр ақынның бір ғана өкініші болды: ол кеңестік цензураға тап келгені. «Ол Үкіметтен менің жек көретін бір-ақ нәрсем бар. Ол – цензура. Айтам дегеніңді айтқызбады. Соған қарамастан, менің атымды халыққа таныткан нәрсе, өңін айналдырып болса да, шындықты өлеңдерім арқылы жеткізуге тырыстым» деген еді ақын көзі тірісінде.

Әркімнің өз шындығы бар. Ақынның шындығы – өлеңдерінде. Әр минуттың қадірін білген ақынның өмірде жеңілген де, жеңген де сәттері болған шығар. Бірақ халыққа, оқырманына Қадыр ақын боп, есімі таралуының өзі жеңіс емес пе?

Өзі айтқанындай, «ұйықтайтын кезде ұйықтамай, талай жерден бастап, күндіз-түні өлең жазуды мұрат тұтқан» асыл қасиеті текке кеткен жоқ. Қадір тұтып құрметтейтін оқырманы, мұрасын көзінің қарашығындай сақтап отырған асыл жары бар.

Қадыр Мырза Әлі өле-өлгенше жеке кітапхана орталығы болғанын армандап кетті. Ол арманы кейін 80 жылдығында орындалды. Ақынның мұрасын жинақтап, Оралда үлкен орталық ашылды. Қадыр Мырза Әлі атындағы орталық бүгінде оралдықтарға ғана емес, барша қазақстандықтарға қызмет етіп келеді.

Оның өлеңдері поэзиясүйер оқырманы барда ұмытылмақ емес. «Сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманына» айналған ақынның мәңгілік ғұмыры жалғасын тауып жатыр. Таланты мен еңбекқорлығын ұштастыра отырып, артына өлмес мұра қалдырды.

Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қадыр Мырза Әлі өле-өлгенше жеке кітапхана орталығы болғанын армандап кетті. Ол арманы кейін 80 жылдығында орындалды. Ақынның мұрасын жинақтап, Оралда үлкен орталық ашылды. Қадыр Мырза Әлі атындағы орталық бүгінде оралдықтарға ғана емес, барша қазақстандықтарға қызмет етіп келеді.

ТОЙДЫҢ ДА «ЕСТІСІ» БАР, «ЕСЕРІ» БАР

«Той дегенде қу бас домалайды» дейтін халықпыз. Алайда кейінгі кезде «тойдан қалдырмасын» дейтін қазақ, «тойға шақырмасын» деген күйге түскен сыңайлы. Оған себеп – аптасына алты күн өтетін тойдан халық мезі болды. Бір қырынан тойанасы қалтаны қысса, екінші жағынан той мәдениетінің төмендеп кеткені іш қынжылтуда. Оған қоса, ысырапшылдық пен тойхана иелерінің тойымсыздығы да терең ойға қалдыруда. Жамбыл өңірінде той мәдениетін қалыптастыруға қатысты ұсыныс айтыла бастағаны да содан-ау деп шамалаймыз. Тіпті, тойды реттеу мәселесіне облыс әкімі Ербол Қарашөкеев те келісетінін айтқаны бар.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Әрине, бір тойы болғаннан кейін әркім қалай өткізсе де ерікті. Алайда кейінгі жылдары «бояушы, бояушы» деген сайын, той иелері «сақалын бояп» жатқандай. Бұрнағы кезі жас жұбайлардың тойханаға көлікпен кіріп жатқаны көзге түрпідей тисе, одан кейін қалындықтың тікұшақпен серуен құруы сәнге айналды.

Той ойындары өз алдына бір сұмдық. Сақалы аузына түскен қарияларымыз жас қыздармен қылмыңдап билесе, ел анасы болар жастағы әпкелеріміз жерде аунап, ішкиімдері көрініп жүр. Өкініштісі сол, мұндай видеолар әлеуметтік желілерді шарлап кететіні бар. Асабалардың артық кеткен тағы бір тұсы – апаларымызды ортаға жинап алып, «жастық шағыңызды еске алыңыз» деп мода көрсетіп жүргізеді. Сонда ол апалар тойдағы біреуге ана, келінге ене, немереге әже емес пе? Солардың көзінше «бөксеңізді қағып жүріңіз» деп келеке ету қай санаға сыйады?

Асабалардың әжелерді бауырсаққа, әпкелерді сарымсаққа теңегенін де көрдік. Ал ел ағаларына «ағарып тұр мұртыңыз, жас көрінемін десеңіз, мұртыңызды құртыңыз» деген масқарасын да естідік. Одан қалса, шетелдік шоумендерден келген арсыз ойындарды да тойханаларда ойнатып жатқанын байқап, бас шайқап, тіл тістеген кезіміз де көп.

«Қазақ байыса той жасайды» деген қағытпа қалжыңның да бар екені рас. Алайда қазір қазақ несие алып той жасауды шығарды. Әйтеуір, өзінде болмаса да бір тойды қарызданып, қауғаланып жасайды. Жарайды, қуанышы болғаннан кейін намысқа тырысқаны дерсің. Бірақ несиеге жасап жатқан тойын даңғарадай мейрамханада өткізіп, содан қарызға белшесінен батып шығатынына не дейсің? Сол баяғы ысырапшылдық...

Осы ретте соңғы кездері той мен тойхана төңірегінде тың идеялар ұсынып жүрген Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының директоры Жасұлан Әбдіхалықтың бүгінгі той мәдениеті хақындағы пікірін білген едік.

> **«Қазақ байыса той жасайды» деген қағытпа қалжыңның да бар екені рас. Алайда қазір қазақ несие алып той жасауды шығарды. Әйтеуір, өзінде болмаса да бір тойды қарызданып, қауғаланып жасайды. Жарайды, қуанышы болғаннан кейін намысқа тырысқаны дерсің. Бірақ несиеге жасап жатқан тойын даңғарадай мейрамханада өткізіп, содан қарызға белшесінен батып шығатынына не дейсің? Сол баяғы ысырапшылдық...**

«Қазіргі қазақтың, оның ішінде қарапайым қазақтың қынжыла айтатыны – тойдың көптігі. Барлық тойда «той бітпесін» деген тілек болғанымен, сыртқа шыға сала «бәле болды», «күнде шақыру», «күнде той» деген сөз. «Бар айлығым тойға кетіп жатыр», «кредит алып келдік» деп зар илейтін де өзіміз. Тойып алып тәлтіректеген кемпірді де, шпагатқа отырған шалды да көрдік, күлдік. Сарқыт ұрлаған, жаланаш жорғалаған, шапалақ сұраған асабаларға тіпті таң қалмайтын болдық. Қалыпты жағдай деп жүргенде қойға шапан жауып, ит пен мысықтың некесін қия бастадық.

Енді не ойлап табамыз? «Тәйт» дейтін қария қалмады ма, қарияны тыңдайтын бала-шаға қалмады ма, дарақылық, даңғазалық, ысырапшылдық, сайып келгенде топастықтың неше түрін көрсетіп жатырмыз. Қорытындысында, қазақ өзінөзі мазаққа айналдыратын ең оңай жол тауып алды. Не істемек керек?!

Әрине, әркімнің, әр әулеттің жеке қуанышы, отбасылық мерекесі! Өзі біледі, өзі өткізеді. Осы өзімбілермендік орға жығып, оңбай опық жеп қалмаймыз ба? Тым болмаса анау балағыңа шалынып, мейрамхананың ішінде шұбырып жүрген

бүлдіршіндерді аяған жөн шығар. Не үлгі, не өнеге беріп жатырмыз?

Түкірігіміз шашырап тост сөйлеп, төрт түрі салат жеп, төрт сағат терлеп билегеніміз болмаса, бүгінгі қазақтың тойы тағылым мен тәрбие, әдет пен ғұрыптан әлдеқашан алыстап кеткен сияқты.

Осы орай да Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығы ішінен «Әдет-ғұрып, салт-дәстүр» бөлімін ашуды ұйғардық. Бір күндік ақша үшін мыңжылдық дәстүрін мазаққа айналдырған асабаларға «әйт» дей алатын аузында аталы сөзі бар, мәдени мінезі бірбеткей Әулиеатаның белді тамадаларынан құралған одақ құрсақ деген ниетіміз бар.

Тағы құлаққағыс миллиондап ақша тауып жатқан мейрамхана қожайындарына арналады. Әңгіме дастархан мәзірін ысырапсыз жасауға қатысты болып тұр. Айналайындар-ау, тойға адам ас ішу үшін емес, қуаныш бөлісуге барады. Түнгі 12-де табақ тарту не әдет, не әдеп? Үш түрлі ас беру не тыраштық? Талантпен жарысқан қазақ көрсек те, тамақпен жарысқан қазақты қалай тоқтатамыз? Той мәзірін дұрыстайтын да уақыт болған шығар. Күн сайын көп рестораннан шығатын асауқаттың обал мен сауабы кімге?» – дейді Жасұлан Әбдіхалық.

Иә, ұлт руханияты деп ұрандап жүрген ұланның сөзі орынсыз дей алмассың. Басқа өнірді білмейміз, оңтүстікте той түнгі сағат 10.00-де басталып, таңғы 04.00-те аяқталып жататыны бар. Бұл да енді той мәдениетсіздігі демей немене?

Осы орайда Жамбылдың зиялы қауым өкілдері де той мәдениетіне қатысты өз Үндеуін жолдады.

«Той – халық қазынасы. Тәлім мен тәрбиенің өнегесі. Алыс-жақын ағайын мен көңілі жақын адамдардың бас қосып, өскелең ұрпаққа үлгі көрсететін ортасы.

Той мәдениеті – ұлт мәдениеті десек, өзгелерден ерекшеленіп тұратын қазақ тойы ұлттық сипатынан ажырап қалған жоқ па? Құндылықтар құрдымға кетіп, келеке мазаққа айналған жоқпыз ба? Жалпы, «Қазіргі тойлар қалай тойланып жүр?» деген сұрақтар бәрімізді мазалайтыны белгілі. Осыған байланысты той өткізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында Жамбыл облысы әкімдігі, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, асабалар одағы бірлесіп, үндеу жолдап отырмыз.

Құрметті бауырлар! Қазіргі уақытта тойдың түрі көбейді. Демек, олардың өткізілу жобасының өзіндік ерекшелігі болуға тиіс. Сондықтан тойды жасамас бұрын, оның маңызы мен мағынасына мән беріп, шақырылатын қонақтардың жас ерекшеліктеріне қарай оны дұрыс топтастыру және той өткізу уақытын реттеу, бос даңғазалық пен ысырапшылдыққа жол бермеу қажет.

Тойды дұрыс ұйымдастыру мен өткізуге аса жауапкершілікпен қарап, әулеттің үлкендері немесе тәжірбиелі әрі жанашыр жақындарымен ақылдасуды қолға алған абзал. Өйткені тойдың мағыналы өтуі – той иесінің абыройы, әулеттің беделі, ұлт мәдениетінің көрсеткіші.

Тойдың мәнді өтуінің тағы бір негізгі шарты – асаба мен өнерпаздарды дұрыс таңдау және жиынды өткізу жоспары мен сценарийін бірлесіп жасау.

Той барысында ұлттың абыройы мен қадірін түсіретін көріністерге, той қонақтарының беделіне нұқсан келтіретін орынсыз әзілдер мен тақырыптан тыс ән-билерге жол бермеу керек.

Өткізілетін той-жиындар отбасылық қуаныштар, әулетпен бірге атқаратын салт-дәстүрлер, кең көлемде аталып өтетін салтанатты кештер болып топтастырылуына аса көңіл бөлу маңызды.

Құрметті ағайын! Соңғы кездері ел арасында орын алып жүрген келеңсіз жағдайлар, атап айтқанда жан-жануарларды дастархан жайылған тойханаға кіргізу, қазақтың ұлттық құндылықтарын келеке етіп – ересек адамды бесікке салу мен таққа отырғызу, қазақы шапанды малға жабу, ит-мысыққа той жасау той мәдениетінің төмендеуіне жеткізіп отыр.

Осы мәселелер оң шешімін табу үшін өңірімізде құрылып жатқан асабалар одағы той мәдениетін қалыптастырудың ұйытқысы болады деп есептейміз!

Ендеше халқымыздың қадір-қасиетін, ұлтымыздың ұлылығы мен бабалар өсиетін сақтап, тойды тәрбие ордасына айналдырайық!» делінген Үндеуде.

Бұл Үндеуге кім қалай үн қосары әзірге белгісіз. Алайда облыс әкімі Ербол Қарашөкеев той мәдениетін қалыптастыруға оң көзқарас танытатынын Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте білдірді. Ал өңір асабалары «Асабалар одағының» жұмысы қалай болатынын түсінбей дал. Бірі қолдау білдірсе, екіншілер қарсы болуда. Сондықтан құрылатын одақ жұмысын дұрыстап жүйелеп, жеті өлшеп барып кескен жөн сияқты.

Айтпақшы, той мәдениеті төңірегінде сөз қозғала бастағаннан кейін шулықтар тағы шулатып жатыр. Жергілікті билік өкілдері тойханаларды аралап тойға ең бірінші келген қонаққа сый беріп, тойды ерте бастап, ерте аяқтауға әрекет етуде. Енді одан қандай нәтиже шығарын уақыт көрсете жатар.

Естеріңізде болса, осыдан бірер жыл бұрын Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы марқұмның жаназасын шығарып, қонақасын беруде ысырапшылдыққа жол бермеу туралы ереже бекіткен болатын. Осыдан кейін жер-жерлерде қаза болған адамның жаназасын шығару бір тәртіпке келген. Бәлкім, той мәдениетін қалыптастырып, ысырапшылдыққа жол бермеу үшін осындай нақты ереже керек шығар. Сонда ғана тәртіп пен бір жүйе орнайды.

ҚАР КӨШКІНІ ДЕ ҚАУІПТІ

Қыс айлары – алматылықтар үшін қысқы спорт түрлерімен айналысуға ең қолайлы кезең. Әсіресе, тау спортына қызығушылығы жоғары жандар үшін бұл маусым бойы асыға күтетін мезгіл екені белгілі. Алайда бұл уақыт – Алматы тауларында қауіп деңгейі артатын кезең екенін естен шығармаған жөн. Қыс айларында жергілікті тұрғындардан бөлек туристер саны ағылатын Алматы тауларында қар көшкіні ықтималдығы жоғарылайды. Мәселен, өткен кезеңде (31 желтоқсан – 5 қаңтар) оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыс таулы аймақтарында қарқындылығы мен градациясы бойынша әртүрлі жауын-шашын (24 мм-ге дейін) байқалды. Қар жамылғысының биіктігі – 4 см-ден +15 см-ге дейін өзгерді. «Қазгидромет» мамандары Үлкен және Кіші Алматы өзенінің бассейндеріндегі қарлы беткейлерге шықпауды ұсынады. Өйткені бұл қар көшкінін тудыруы ықтимал.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қыс кірген бойда қалада тұман басу жиілейді. Табиғи құбылыс жол қозғалысын қиындатып, тұрғындардың межелі орнына көлікпен қатынауына кері әсерін тигізеді. Жол-көлік апатының артуына ықпал етіп, көлік жүргізушілердің қауіпсіздігін төмендетеді. Сондай-ақ тұман авиация саласы мамандары үшін де қолайсыз, себебі ұшақтардың қонуы немесе көкке көтерілуі бұрынғыдан да күрделене түседі. Осы ретте қаладағы ауа сапасының ластануы да тұманның одан сайын күшеюіне әсер ететінін атап өткен жөн. Біз «Қазгидромет» РМК Алматы қаласы филиалының баспасөз қызметіне тікелей байланысқа шығып, қаңтар айына арналған ауа райы болжамы, шаһарды тұман басуға қаңтар айының әсері және алдағы екі айда таудағы ауа температурасы жөнінде сұрап білген едік.

– Тұман – ауадағы су буының салқындап, су тамшыларына айналуы нәтижесінде пайда болады. Алматыны жиі тұман басады. Бұл бас қаламыз Астанада да жиі орын алатын жағдай. Тұман – қауіпті атмосфералық құбылыс. Қалада тұман пайда болған жағдайда біз тәулігіне бірнеше рет дабыл ескертуін беріп отырамыз. Таудағы қарды бақылайтын арнайы қызмет бюллетень шығарады. Қар көшкіні қаупі жоғары болған кезде дабыл ескертуі жарияланады. Егер қауіптің деңгейі күшті болса, біз бірден ТЖМ-ге хабарлаймыз, – деді «Қазгидромет» РМК Алматы қаласы филиалының баспасөз қызметі.

> **Қар көшкінінің қауіпті кезеңі қараша айының ортасынан бастап мамыр айының ортасына дейін жалғасады. Мамыр айында биік таулы аймақтарда қар көшкіні болуы мүмкін. Қауіптің алдын алу мақсатында «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы жыл сайын өздігінен қар көшкінінің түсуін болдырмас үшін алдын ала профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырады.**

Мамандардың сөзінше, еліміз бойынша қаңтардың бірінші онкүндігінде ауа райын Атлантикалық циклондар қалыптастырады. Бұл ауа райының тұрақсыз сипатын анықтайды. Қаңтарда екпінді жел, тұман, көктайғақ жиі болжанады.

– Еліміздің солтүстік жартысында және республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығысының таулы аудандарында бұрқасын мен қар, кейде қатты қар болжанады. Елдің оңтүстік жартысында жауын-шашын жылбысқы қар, жаңбыр түрінде күтіледі. Қазақстанның басым бөлігінде жел 15-20 м/с-қа дейін күшейеді, кейде екпіні 23-28 м/с-қа жетеді. Қаңтардың бірінші онкүндігінде температуралық фон күтіледі. Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында түнде -8+2°С, күндіз -3+7°С шамасында, содан кейін түнде ауа температурасы -8-15°С, күндіз -3-10°С дейін төмендейді. Оңтүстік циклондардың шығуы нәтижесінде ауа температурасы көтерілген кезде бірнеше қарқынды жылу толқындары болжанады, – деп мәлімдеді баспасөз қызметі.

«Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің басшысы Әлішер Тоқтасын қаңтар, ақпан, наурыз айлары – қар көшкіні қаупі жоғары кезеңге жататынын, оның себебін аталған уақыт аралығында таулы аймақтарға қардың жиі түсуімен байланыстырды. Маманның сөзінше, қазіргі уақытта орта таулы аймақтарда қар жамылғысы 38 шақырымды көрсетіп тұр.

– «Қазгидромет» РМК қаңтар айына ұсынған болжамына сүйенсек, екінші онкүндіктің басы мен аяғында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында қар күтіледі. Жаңа қардың ескі қардың үстіне жаууы қар көшкінінің өздігінен жүруіне әкеліп соғады. Сондықтан қазір тауларда қар аз болғанымен, болжанған қардың есебінен алдағы күндері қар көшкіні күтіледі. Қаңтар айының 6-жұлдызындағы жағдай бойынша қар көшкіні қауіптілігі жоқ. Дегенмен біз «Қазгидромет» орталығының болжамына сәйкес жұмысымызды жалғастырамыз, – деді Әлішер Жеңісұлы.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының таулары бойынша паспортизацияға енген 165 қауіпті учаске бар. Мұнда халық саны 3 250-ге дейін жететін тұрақты жұмыс істейтін нысандар және тұрғын үйлер орналасқан. Онымен қоса, туристік базалар, тау шаңғы курорттар, мейрамханалар сынды әртүрлі нысандар орын тепкен. Әлішер Жеңісұлының айтуынша, оның барлығы қар көшкіні қаупі бар паспортқа енгізілген. Қауіпті учаскелерде орналасқан тұрғындарға қар көшкіні қаупін ескерту бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

– Қар көшкінінің қауіпті кезеңі қараша айының ортасынан бастап мамыр айының ортасына дейін жалғасады. Мамыр айында биік таулы аймақтарда қар көшкіні болуы мүмкін. Қауіптің алдын алу мақсатында «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы жыл сайын өздігінен қар көшкінінің түсуін болдырмас үшін алдын ала профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырылады, бұл жарылыс түрінде жүргізіледі. Бүгінде қауіпті деп танылған бірнеше учаске бар. Мысалы, ұзындығы 7 шақырымды құрайтын 8 автомобиль жолдары қар көшкіні қауіпті учаскеде орналасқан. Қар көшкінін болдырмас үшін профилактикалық жұмыстан бөлек, туристік базаларға, тау шаңғы курорттарына, жеке тұрғын үйлерге ескерту қағаздары таратылады. Көшкін басталғалы бері 81 ескерту хаттары жолданса, қар көшкінін алдын алу мақсатында 800-ге жуық кітапша таратылды, – деп сөзін түйіндеді «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің басшысы Ә.Тоқтасын.

Естеріңізге салайық, ТЖД мәліметіне сәйкес, 6-9 қаңтар аралығында Алматы облысының тауларында көшкін қаупі сақталады. Іле-Алатау тауларының оңтүстік беткейінде Еңбекшіқазақ, Талғар және Қарасай аудандарында 55 көшкін қаупі бар учаске бар. Бұл ретте синоптиктер қаңтар айында тұрғындарға тауға шықпауға кеңес береді.

AIQYN-LIVE

7 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

2025: ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР ЖАЛҒАССЫН!

Жаңа 2025 жылы еліміздің спортшыларын үлкен жарыстар күтіп тұр. Халықаралық, олимпиадалық турнирлерде ұлттық құрамамыздың асығы алшысынан түссе дейміз. Биылғы жылдың күнтізбесі ұлттық құрамамыз үшін халықаралық ірі жарыспен басталмақ. Қытайдың Харбин қаласында IX Азия ойындарының жалауы желбірейді. Дода ақпан айының 7-14-і аралығында өтеді.

Әсет ҚАЛИ

Қысқы Азия ойындарын ең көп қабылдаған мемлекет – Жапония. Күншығыс елінде құрлық бәсекесі төрт рет өткізілген. Ал Қытай ірі спорттық жарысты өз жерінде үшінші рет ұйымдастырады. Нақтылай түсер болсақ, қысқы Азиада Харбин төрінде екінші рет өткізілмек (бір рет ойындар Чанчунда ұйымдастырылған).

Азия ойындарында спорттың 6 түрі мен 11 дисциплина бойынша 64 спорттық оқиға өткізу жоспарлануда. Атап айтар болсақ, спортшылар коньки түрлері (шорт-трек, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау), шайбалы хоккей, керлинг, шаңғы жарысы түрлері (тау шаңғысы, сноубординг, фристайл, шаңғымен жарысу), биатлон және шаңғы альпинизмінен сынға түседі.

Ел құрамасынан Харбиндегі жарысқа спорттың 6 түрінен 139 спортшы (71 ер, 68 әйел) барады. Олар 50 медаль жиынтығына таласады.

1. Биатлон – 10 спортшы;
2. Кёрлинг – 12 спортшы;
3. Конькимен жүгіру спорты – 20 спортшы;
4. Мәнерлеп сырғанау – 4 спортшы;
5. Шорт-трек – 12 спортшы;
6. Шаңғы жарысы – 12 спортшы;
7. Шайбалы хоккей (ерлер) – 23 спортшы;
8. Шайбалы хоккей (әйелдер) – 23 спортшы;
9. Тау шаңғы спорты – 8 спортшы;
10. Фристайл-акробатика – 7 спортшы;
11. Шаңғы жарысы – 8 спортшы.

Еске сала кетейік, Қазақстан қысқы Азия ойындарын бір рет өткізген. 2011 жылы Астана мен Алматы қаласында өткен кешенді жарыста Ұлттық құрама 32 алтын, 21 күміс және 17 қола жүлдеге ие болып, жалпы есепте алғаш рет 1 орын алған еді. Осыған дейінгі VI қысы Азия ойындары 2017 жылы Жапонияның Саппоро қаласында өтті. Қазақстан 32 медальмен (9 алтын, 11 күміс, 12 қола) төртінші сатыға тұрақтаған.

Сонымен қатар осы жылы Жасөспірімдер арасындағы III Азия ойындары өтеді. Бастапқыда көпсалалы жарыс Ташкентте (Өзбекстан) өтуі керек еді. Енді Бахрейн 2025 жылы Жастар арасындағы Азия ойындарын қабылдайды.

Айта кетейік, жастар арасындағы бірінші Азия ойындары 2009 жылы Сингапурде өткен болатын. Ал 2013 жылы Қытайда өткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде фристайл-могул және фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтеді.

Бапкерлер штабы елдегі әлем чемпионатында жүлде үшін таласатын қазақстандық могулшылардың есімдерін атады. Олардың қатарында Анастасия Городко, Юлия Феклистова, Анастасия Ларионова, Виктория Кузнецова, Юлия Мокина, Семён Русаков, Ильнар Ибрагимов, Данил Коротков, Алексей Дениярёв, Денис Раструба.

Айта кетсек, өткен әлем чемпионатында Анастасия Городко алтын және күміс медаль жеңіп алып, 2022 жылы көрсеткен нәтижесін қайталады.

Осы жылдың тағы бір айтулы спорттық жарыстарының бірі – Ислам ынтымақтастығы ойындары. Өз кезегінде VI рет өткізілгелі деп жатқан доданы Сауд Арабиясының астанасы Әр-Рияд қабылдайды. Жарыс 7-21 қараша аралығына жоспарланған.

Жарыс бағдарламасына 13 олимпиадалық, 4 олимпиадалық емес, 3 паралимпиадалық, сондай-ақ 1 ұлттық спорт түрі кіреді.

UWW күнтізбесіне Жақсылық Үшкемпіровтің құрметіне арналған турнир де енгізілді. Ол 9-13 сәуір аралығында Астанада өтеді. Бұл жарысқа тек қазақстандық грек-рим күресінің балуандары ғана емес, сонымен қатар басқа елдердің спортшылары да қатысады.

Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ойындарына 2005 жылдан бері қатысып келеді. Бүкіл Ойындар барысында Қазақстанның спортшылары барлығы 42 алтын, 36 күміс және 56 қоламен жалпы 134 медаль жеңіп алды. Жалпымедальдық есепте 7-ші орынға ие болды.

Жаңа маусым қазақстандық балуандар үшін де үлкен мүмкіндіктер мен маңызды сынақтардың кезеңі болмақ. Кезекті олимпиадалық маусым бірқатар ірі турнирден басталады. Сонымен қатар жас спортшыларға өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді.

Дәстүр бойынша маусымдағы алғашқы ірі турнирлердің бірі –Болгарияда өтетін «Дан Колов – Никола Петров» халықаралық жарысы болмақ. Ол 23-26 қаңтар аралығында Варнада өтеді. Медальдар еркін күрес, грекрим күресі және әйелдер күресі бойынша сарапқа салынады.

Кейіннен рейтингтік маңызға ие Zagreb Open турнирі өтеді. Оны Хорватияның Загреб қаласы қабылдайды. Жарыс 5-9 ақпан аралығында өтеді. Айта кетсек, ақпан айы халықаралық күнтізбе бойынша қарбаласқа толы болады. Ай бойы бірқатар халықаралық жарыс ұйымдастырылады, сондықтан Қазақстан құрамасының бапкерлер штабына ұлттық құрамды сынақтан өткізу үшін мүмкіндік жеткілікті.

UWW күнтізбесіне Жақсылық Үшкемпіровтің құрметіне арналған турнир де енгізілді. Ол 9-13 сәуір аралығында Астанада өтеді. Бұл жарысқа тек қазақстандық грек-рим күресінің балуандары ғана емес, сонымен қатар басқа елдердің спортшылары да қатысады.

Одан кейін рейтингтік және халықаралық турнирлердің кезекті сериясы басталады. Кейбір жарыстарда қазақстандық спортшылардың да медаль үшін таласуға мүмкіндіктері жеткілікті. Маусым айында құрама Италияда жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Маттео Пелликоне» мемориалына қатысуы ықтимал.

Сондай-ақ маусым айында 17 және 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында Азия чемпионаты өтеді. Бұл жарыс 14-22 маусым аралығында Вьетнамның Вунгтау қаласында ұйымдастырылады. Ал 5-13 шілде аралығында U15 және U20 жас санатындағы құрлықтық біріншілік Қырғызстанның Бішкек қаласында өтеді.

UWW жарыс күнтізбесіне сәйкес, қыркүйек айында басты назар екі жарысқа аударылады. 8 қыркүйекте Бахрейнде өтетін жасөспірімдер арасындағы Азия ойындары аясындағы күрес турнирі басталады. Ал 13-21 қыркүйек аралығында Хорватияның Загреб қаласында ересектер арасындағы әлем чемпионатын өткізу жоспарланған.

Қазан айында Қазақстан құрамасы тағы бір әлем чемпионатына қатысады. Бұл жолы Сербияның Нови-Сад қаласында жастар арасындағы әлем біріншілігі өтеді. Жарыс 20-26 қазан аралығында болады.

Ұзақ маусым халықаралық жарыстармен аяқталады. Соның ішінде дәстүрлі түрде Тараз қаласында өтетін Дінмұхамед Қонаевты еске алуға арналған турнир бар. Ол 3-5 қараша аралығында ұйымдастырылады.

Дзюдо спортынан жаңа маусымдағы алғашқы ірі халықаралық жарыс Францияның Париж қаласында өтетін Grand Slam сериясының кезеңі болмақ.

Турнир 1-2 ақпан аралығында өтеді. Бұл турнир ерекше маңызға ие. Себебі дзюдошылар өткен жылдың желтоқсан айының ортасында ресми түрде енгізілген жаңа ережелер бойынша сынға түседі.

Қазір Қазақстан құрамасы әлемдік рейтингте 12 орында тұр. Жинаған ұпай саны – 87 541. Көш басында Жапония (219 217 ұпай). Екінші орында Франция (184 924 ұпай). Үшінші орынды бейтарап тудың астында өнер көрсететін спортшылар иеленуде (114 452 ұпай).

Әрине, құрамамыз үшін басты басымдық – әлем және Азия чемпионаттары болмақ. Балуандарымыздың дайындығына арналған бағдарлама күшейтілген жаттығу жиындарын, сондай-ақ халықаралық және рейтингтік турнирлерді қамтиды. Бұл жарыстар спортшылардың әлеуетін тексеріп, әлемдік рейтингтегі орнын жақсартуға мүмкіндік береді.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ШЫРАҒЫ

Ұлттық кітапханада белгілі жазушы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған «Ұлттық рухтың шырағы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, көрме мақсаты – Ілияс Есенберлиннің шығармашылық мұрасын дәріптеу, жазушының қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін оқырмандарға таныстыру. Көрмеге Ұлттық кітапхана қорынан 200 басылым, соның ішінде 150 кітап, 50 журнал қойылған.

Кітап көрмесі үш бөлімнен тұрады.

«Ұлы даланың даңқты ұлы» атты бірінші бөлімде жазушының өмірі мен қызметі туралы материалдар: энциклопедиялар, библиографиялық анықтамалар мен әдебиеттер ұсынылған.

«Тарихи роман табиғаты» атты екінші бөлімде І.Есенберлиннің шығармалары, соның ішінде 10 томдық шығармалар жинағы, «Сұлтан», «Айша», «Адамгершілік жыры», «Ғашықтар», «Көшпенділер» трилогиясы ұсынылған.

«Халық жүрегіндегі қаламгер» атты үшінші бөлімде І.Есенберлиннің шығармашылығы туралы Қазақстанның белгілі жазушыларының естеліктері, әдебиеттанушылардың еңбектері қойылған.

Көрме биылғы 3 сәуірге дейін жалғасады.

ТУРНИРДІ ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Қазақстандық теннисші Юлия Путинцева Аделаида (Аустралия) WTA 500 турнирін жеңіспен бастады.

Қазақстандық теннисші алғашқы айналымда әлемнің 19-ракеткасы, Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері, хорватиялық Донна Векичті 6:2, 6:3 есебімен тізе бүктірді.

Бір сағат 32 минутқа созылған бәсеке барысында Путинцева 4 эйспен бірге 9 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды. Векич 3 эйс, 1 брейктен (5 брейк-пойнт) аса алмады.

Юлия Путинцева ширек финалға шығу үшін әлемнің 11-ракеткасы, американдық Даниэль Коллинз немесе рейтингіде 42-орындағы Тунис өкілі Онс Жабердің қай жеңгенімен таласады.

Жүлде қоры 1 064 510 долларға бағаланған Аделаида жарысы 11 қаңтарда аяқталады.

Мейір ЖАСЫН

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4541
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Әсет ҚАЛИ